



Әр кәсіпкер жетістігі – ел мерейінің айқын көрінісі



Суретті тіркеулер – А. ДИСЕНБЕК, Е. ЖИМБЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Үздік кәсіпкерлердің мәртебесін көтеретін марапат

Мемлекет басшысы сөзінің басында бұл күннің еліміздің бизнес қауымдастығы үшін өте маңызды күн екенін атап өтіп, дәстүрлі байқаулардың жеңімпаздарын шын жүректен құттықтады.

– Осы жердегі әр кәсіпкердің жетістігі – ел мерейінің айқын көрінісі. Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысып жүрсіздер. Бұл – өз кәсібіне адал, іскер және нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет деп санаймын. Мемлекет Сіздерге әрдайым қолдау көрсетуге дайын. Биылдан бастап 29 қазан «Қазақстан кәсіпкерлері күні» болып ресми түрде бекітілді. Сонымен қатар мен жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытып, қайырымдылық істерге мол үлес қосқаны үшін еліміздің үздік кәсіпкерлеріне берілетін арнайы марапат – «Мейірім» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Келесі жылдан бастап залда отырған бірқатар кәсіпкер осы мәртебелі орденмен марапатталады. Бұл еліміздегі барша бизнес өкілдеріне деген айрықша құрметтің белгісі болмақ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, бәсекеге қабілетті бизнес – кез келген мемлекеттің тірегі. Биыл Қазақстан экономикасының өсімі 6 пайыздан асады деп болжануда. Бұл – кейінгі он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Еліміздің ішкі жалпы өнімі алғаш рет 300 млрд доллардан аспақ.

– Қазір біз инфрақұрылымды дамытуға, экономиканы артараптандыруға баса мән беріп жатырмыз. Сондықтан Үкімет дайын өнім экспортын арттыру ісімен белсенді түрде айналысуы қажет. Бүгінде бұл салада біраз жетістіктеріміз бар. Өңдеу өнеркәсібіндегі қосымша күн көлемі бес жылда 25 пайыздан астам өсті. Бұл – тау-кен саласынан едәуір жоғары көрсеткіш. Кейінгі жылдары негізгі капиталға тартылған инвестиция 70 пайызға көбейді. Нақты сектордағы еңбек өнімділігі 40 пайызға артты. Шикізаттық емес экспорт көлемі 2 есеге жуық ұлғайды. Тауарын шетелге өткізетін кәсіпорындар саны 3 есе көбейді. Соның арқасында бүгінде өнімдеріміз 140 мемлекетке шығарылады. Қазақстан тауарлары әлемдік нарықтан өз орнын алып жатыр деп күмәнсіз айтуға болады. Осы орайда шағын және орта бизнестің рөлі айрықша екені сөзсіз, – деді Президент.

Жалпы, еліміздегі кәсіпкерліктің даму қарқыны – белсенді, бүгінде олардың экономикадағы үлесі 40 пайызға жетті. Бес жылда шағын және орта бизнес

субъектілерінің саны 1,5 есе артты, ал шығарылатын өнім көлемі 2,5 есе көбейді. Елімізде жұмыс істейтін азаматтардың жартысына жуығы, яғни 4,5 млн адам бизнес саласында еңбек етеді.

– Мен Мемлекет басшысы ретінде шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріп отырмын, негізгі мәселенің бәрі де – менің жеке бақылауымда. Үкімет кәсіпкерлікті жандандыру үшін ауқымды жұмыс істеп жатыр, кедергілерді жою үшін нақты шаралар қолдануда. Дегенмен әлі де шешімін таппаған өзекті мәселелер мен түйткілдер аз емес, оны біз ашық түрде мойындаймыз. Ең алдымен, қосылған құны жоғары сапалы өнім өндіретін шағын бизнеске барынша жағдай жасалуы қажет. Мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсете отырып, кәсіпкерлеріміздің өз істерін кеңейтіп, жаңа деңгейге шығуына серпін берген жөн. Мұны кәсіпкерлікті дамыту саясатының маңызды шарты деп айтсақ, артық болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастық моделі

Осы тұста Президент баса назар аудару қажет бірқатар маңызды мәселені атап шықты. Біріншіден, Үкімет жүргізіп отырған экономикалық саясат аясында инфляцияны тұрақтандыру және төмендету, экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың нақты табыс табуына жағдай жасау өте өзекті міндет саналады.

2 >

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының орнықты даму мақсаттарына орай Халықаралық еріктілер жылын жариялауға арналған сессиясына жолдаған үндеуі

Нью-Йорк, 2025 жылғы 5 желтоқсан

Жоғары мәртебелі!
Құрметті делегаттар!

Орнықты даму мақсаттарына сай Халықаралық еріктілер жылын жариялауға арналған алқалы жиында сөз сөйлеу – мен үшін зор мәртебе.

Бұл айтулы уақиға еріктілердің рөлін күшейтуде, олардың ұлттық және жаһандық прогреске қосатын үлесін еселеуге бағытталған ортақ ұмтылысымызды көрсетеді. Қазақстан халықаралық серіктестермен тығыз ынтымақтастық жасай отырып, осы бастаманы көтерді.

Еріктілер қозғалысы Орнықты даму мақсаттарына жету жолындағы азаматтық белсенділік пен прогреске ықпал ететін ізгі амалдың жасампаздық қуатына айналарына кәміл сенеміз.

Қазіргідей алмағайып заманда еріктілер адам өмірін сақтау, қиындыққа душар болған жандарға жәрдемдесу, қоғамдағы сенім мен ынтымақты нығайту арқылы аса маңызды миссия атқарып келеді. БҰҰ Еріктілер бағдарламасы дүние жүзінің әр қиырында қызмет етеді. Өлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарды бір мақсатқа жұмылдырады. Жер-жаһандағы миллиондаған адам Ұйымнан бөлек те волонтерлік қызметке атсалысады.

Қазақстанда еріктілер қозғалысы қоғамдық өмірдің ажырамас бөлшегіне айналды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоршаған ортаны қалпына келтіруге, экологиялық жауапкершілік мәдениетін дәрінгеуге үлес қосқысы келетін мыңдаған азаматты біріктірді. Бұл жоба БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы жаһандық бастамаларымен үндеседі.

Осы орайда Алматы қаласын Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен халықаралық ынтымақтастық хабына айналдыру ниетін құптаймыз. Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған Орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ Өңірлік орталығының құрылуы осындай мүмкіндікке жол ашты.

Бұл ретте Алматыда БҰҰ Еріктілер бағдарламасының субөңірлік кеңсесінің ашылуы Қазақстанның азаматтық белсенділікті және жаһандық серіктестікті дамытуға бейіл екенін көрсетеді.

Аталған бастамалар әлемдегі сын-қатерлерді бірлескен күш-жігер мен өзара сенімнің арқасында еңсеруге болатынын растайды.

Барша елдің еріктілерін БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік интеграция және жастарды қолдау бағытындағы бастамаларына қосылып, өзара тәжірибе алмасуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан БҰҰ Еріктілер бағдарламасына ризашылығын білдіреді. Сонымен қатар жастардың, әйелдердің және шалғай аймақ тұрғындарының мүмкіндіктерін кеңейту үшін серіктестік аясын кеңейтуде үндейді.

Биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 80 жыл толды. Осы маңызды кезеңде баршаңызды әділ әрі жасыл әлем қалыптастыру жолында ынтымақ-бірлігіміздің берік екенін көрсетіп, адамзат игілігі үшін бірлесіп әрекет етуге шақырамын.

Қазақстан айтулы жыл аясында және одан кейінгі кезеңдерде де әлеуметтік маңызы бар еріктілер қызметін қолдау үшін БҰҰ-ға мүше барлық мемлекетпен және азаматтық қоғаммен ынтымақтаса жұмыс істеуге әрдайым дайын.

Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Таиланд Королі Маха Вачирапонгкорнды Таиланд Корольдігінің Ұлттық мерекесімен құттықтады.

Президент Астана мен Бангкок арасындағы достыққа, өзара түсіністікке негізделген қатынастардың тұғыры биік, әлеуеті мол екенін атап

өтті. Сонымен қатар екі елдің сан қырлы ықпалдастығы қос халықтың игілігі жолында беки беретініне сенім білдірді.

ӨНДІРІС ӨРІСІ

Алкилат зауытының қазығы қағылды

Еліміздегі алкилат өндіретін алғашқы зауыт құрылысы Ертіс бойында бастау алды. Аталған өнім – Еуро-5, Еуро-6 санатындағы жоғары октанды бензиндерді өндіруге арналған ең құнды компоненттердің бірі.

Мұрат КАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Кәсіпорын жоғары октанды отын компоненті – алкилат өндіретін еліміздегі алғашқы зауыт. Оның бірқатар қасиеті заманауи отын индустриясында аса маңызды. Атап айтқанда, хош иісті көмірсутектер қолданбай-ақ жоғары октанды көрсеткішке ие әрі күкірт пен зиянды қоспалардың мөлшері төмен. Жаңа өнім бензиннің экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік беріп, сұйық отынның детонацияға төзімділігін арттырады. Сондай-ақ бензинді сақтау кезінде ауаға көп ұша

қоймайтындығымен ерекше. «InterTrans С.А.» компаниясының бұл жобасы еліміздің мұнай-газ саласындағы технологиялық дамудың жаңа кезеңіне көшкенін көрсетеді. Бұл дегеніміз – дәстүрлі көмірсутек өңдеуден жоғары технологиялық, ішкі және жаһандық нарықта сұранысқа ие компоненттерді өндіруге өту. Зауыт құрылысының Ертіс – Баян өңірінде қолға алынуы кездейсоқ емес. Аймақ – елдің өнеркәсіптік орталықтарының бірі, мұнда негізгі мұнай-химия, энергетика кәсіпорындары шоғырланған.

5 >

ОТАН ДЕП ОРАЛҒАНДАР

Елге ел қосылса – құт



Инфографиканы жасаған – Амангәді ҚИЯС, «EQ»

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыстық полиция департаментіне қарасты көші-қон қызметінің мәліметінше, жыл басынан бергі он айдың ішінде 648 адам Қазақстан азаматтығын алған. Оның 495-і – қандас. Биыл Өзбекстаннан – 140, Ресейден 10 этностық қазақ квота бойынша қоныс аударған. 62 қандас – Рудныйға, қалғаны Қостанай қаласы мен Қостанай, Бейімбет Майлин, Қарасу, Қамысты, Сарыкөл, Денисов, Жетіқара,

Наурызым, Әуликөл, Ұзынкөл аудандарына қоныстанып отыр.

Квотаның артықшылығы көп. Облыстық жұмыспен қамтамасыз етуді үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы көші-қон бөлімінің бас маманы Айсәуле Омарбекованың айтуынша, мемлекет өңірлік квотаға енген қандастардың көшіп келуі үшін адам басына 70 АЕК мөлшерінде, яғни 275 мың теңге қаржылай көмек көрсетеді.

11 >

Әр кәсіпкер жетістігі – ел мерейінің айқын көрінісі



1 <

– Осы бағытта таяуда Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026–2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасын қабылдады. Мен бұл жайында ауыл әкімдерінің диалог-платформасында айтқан едім. Аталған бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін барлық салалық органдар мен әкімдіктер жұмыла жұмыс істеуі қажет екенін тағы да атап өткім келеді. Кәсіпкерлер үшін салық, тариф және реттеу саясатының айқын әрі әділетті болғаны ерекше маңызды. Жаңа Салық кодексі мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастық моделін жаңғыртады. Кәсіпкерліктің орнықты дамуы өзара міндеттерді орындауға негізделетінін түсінгеніміз жөн. Осы орайда мемлекет қолайлы іскерлік орта қалыптастырады. Ал бизнес салықтан жалтармайды. Бұл дамыған, өркеніетті елдердің барлығына тән. Соған қарамастан маған бизнес тарапынан жаңа Салық кодексінің кейбір нормаларын іске асыру мәселесіне қатысты өтініштер түсіп жатыр. Өтініштердің мазмұны баршаға мәлім, олар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып жатыр. Үкімет оларды мұқият саралап, ақылға қонымды шешім табады деп ойлаймын. Анығын айтқанда, басқа жол жоқ. Бұл – мемлекеттік ауқымдағы міндет.

Салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге баса мән беру қажет. Аталған мәселені цифрлық құралдар арқылы шешу кәсіпкерлерді алаңдатып отырған көптеген түйткілдің түйінін тарқатуға мүмкіндік береді. Келесі жылы отандық тауар өндірісшілер реестрі мен Тауарлардың ұлттық каталогі енгізілетінін де ескеруге тиіспіз. Жаңадан іске қосылатын бұл тетіктер кейбір кәсіпорындардың мемлекеттік сатып алу байқауларында негізсіз артықшылыққа ие болу мәселесін реттеуге ықпал етуі керек. Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге осы жылдың соңына дейін бизнес-қоғамдастыққа зияны тимейтін жаңа нормалар енгізуді қамтамасыз еткені жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент таңталған **екінші** мәселе мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын өзгертуге қатысты болды. Бұл істе жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын тиімді қолданған жөн екені айтылды. Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы әлемдік экономиканың түбегейлі өзгеруіне әкеп соғады. Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік ішкі жалпы өнімге 17 трлн доллардан 26 трлн долларға дейін пайда әкеліп, 78 млн жұмыс орнын аша алады. Ал Қазақстан жағдайында цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу ішкі жалпы өнімге 14 млрд доллардан 20 млрд долларға дейін кіріс әкелуі мүмкін. Мұндай болжам бар. Оның қаншалықты дұрыс екенін уақыт көрсетеді.

– Мен биылғы Жолдауымда осы мәселеге айрықша тоқталдым. Ең алдымен, кәсіпкерлерді қолдау үшін ыңғайлы цифрлық экожүйе қалыптастыру қажет. Қазір «EgovBusiness» платформасы жұмыс істеп тұр. Соның арқасында мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер қолжетімді бола түсті. Кәсіпкерлердің жұмысы жеңілдеп, қағазбастылық азайды. Биылдың өзінде осы қосымша арқылы 4,6 млн-нан аса қызмет көрсетілді. Енді платформаны Бизнестің цифрлық картасымен өзара байланыстыру жұмысын аяқтау қажет. Сонымен қатар осы платформаға жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызмет түрлерін қосу керек. Бұл шаралар кәсіпкерлердің біртұтас платформа арқылы әртүрлі қызмет алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ платформада жасанды интеллект көмегімен бизнес жүргізуге қатысты толыққанды кеңес алуға болады. Мұндай қадам әкімшілік кедергілерді азайтып, мемлекеттік қолдау шараларының ашық әрі тиімді болуына ықпал етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, **үшіншіден**, экономиканы сапалы дамыту үшін реформаларды жалғастыру керек. Ең алдымен, экономиканың тиімділігі мен әлеуетін арттыру – басты мақсат. Квази-мемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий жарияланды. Бәсекелестік ортаға берілетін 473 нысанның тізімі жасалды. Сарапшылардың есебінше, бұл кәсіпкерлерге шамамен 3,5 трлн теңге пайда табуға мүмкіндік береді.

– Алдымызда бизнес бетпе-бет келетін әкімшілік кедергілерді азайту міндеті тұр. Бұған дейін заңнаманы түгел тексеріп, оны жетілдіру жөнінде тапсырма берген болатынымын. Ол үшін Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллектуалды реттеу орталығы құрылады. Міндетті талаптар тізімі енгізіледі. Сондықтан Үкімет пен бизнес-қоғамдастықтың үйлесімді әрекет етуін, әсіресе цифрлық ықпалдастықты күшейту керек. Кәсіпкерлер бюрократияның азайғанын сезінуге тиіс, яғни бұл өткеннің еншісінде қалуы керек. Үкімет пен қадағалаушы органдарға осындай міндет жүктеймін. Бағаның еркін нарық талаптарына сай қалыптасуы, мемлекет иелігінен жаппай шығару және икемді реттеу саясаты – экономиканың табысты трансформациясының кепілі, – деді Президент.

Іскерлік ортаны жақсарту қажет

Қасым-Жомарт Тоқаев алға тартқан **төртінші** мәселе – бизнестің мүддесі мен құқығын қорғау жайы. Кейінгі жылдары құқық және сот жүйесін жаңғырту үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Әкімшілік әділет институты пайда болды. Бұл бастамалар қазірдің өзінде жақсы нәтиже бере бастады. Сотта қаралған істердің жартысынан көбі азаматтар мен

бизнестің пайдасына шешілуде. Бизнесті негізсіз тексерулер мен заңсыз қылмыстық қудалаудың алдын алу бойынша белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Экономикалық қылмыстарды декриминализациялау жүргізілді. Мұның бәрі «Заң мен тәртіп» қағидатының орнына түсуіне ықпал етеді. Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитеті жыл соңына дейін Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет болып өзгереді. Ірі инвесторларға арналған «Жасыл дәліз» жүйесі іске қосылды. Енді оларға рұқсатнама құжаттары тез берілетін болды.

– Мен Жолдауда жаңа инвестициялық кезеңді бастау қажеттігін айттым. Қазір әлемде нарық және капитал үшін талас-тартыс күшейіп барады. БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД) мәліметіне сәйкес дүниежүзі бойынша тікелей шетелдік инвестицияның нөпірі айтарлықтай бәсеңдеген. 2024 жылы әлемде нақты секторға бағытталған инвестиция көлемі 11 пайызға, яғни 1,5 трлн долларға дейін қысқарған. Басқаша айтқанда, жаһандық инвестиция биыл екінші жыл қатарынан құлдырап барады. Мұның негізгі себебі – үдей түскен геосаяси шиеленіс пен халықаралық жеткізу тізбегінің үзілуі. Сондықтан елімізде іскерлік ортаны жақсартуымыз керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды айрықша мақсат, – деді Мемлекет басшысы.

Президент айтқандай, **бесіншіден**, бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру маңызды. Экспорт нарығында бәсекеге түсе алатын, отандық шикізатты пайдаланатын, сондай-ақ озық технологиялар мен инновациялар трансферімен айналысатын кәсіпорындарға басымдық берілуі тиіс. Биыл «Бәйтерек» холдингі арқылы шағын және орта бизнесті қолдау көлемі шамамен 2 трлн теңгеге жетті. Тікелей субсидиялаудан гөрі кепілдік беру құралдарына көштік. Осы мақсатта менің тапсырмаммен «Даму» қоры жанынан шағын және орта бизнеске, сондай-ақ ірі инвестициялық жобаларға арналған екі кепілдік қоры құрылды. Аталған бағыт аясында 2 229 жобаға жалпы сомасы 400 млрд теңгеден аса кредит берілді. Оның ішінде 220 млрд теңгеден астамы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілді. Іскерлік белсенділікті одан әрі ынталандыру үшін шағын бизнесті қолдаудың бірінші бағдарламасын жедел қабылдаған қор. Құжатта өңірлердің ерекшелігі мен кәсіпкерлерді нақты қолдау тетіктері қарастырылуы тиіс.

– Жергілікті өнімге, білім мен заманауи технологияға басымдық беру айтарлықтай нәтиже әкелетінін тәжірибе көрсетті. Мысал ретінде Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен жүзеге асқан «Бір ауыл – бір өнім» жобасын келтіруге болады. Ауыл-аймақтардан осындай ақылға қонымды

өтініштер мен ұсыныстар жиі түседі. Мәселен, қой мен ірі қара терісін өңдейтін кәсіпорын ашу туралы бастаманы айтуда болады. Негізгі екенін қайда, қанша жыл өтсе де, осы шаруаны Үкімет те, бизнес те қолға алмаған. Өйтсе де, шағын және бизнес бұл кәсіптен айналыста ниетті. Үкімет ортақ жауапкершілік қағидатына сай мемлекет пен бизнестің тиімді қарым-қатынас жасауына жан-жақты ықпал етуі керек. Бұл ауылдар мен шағын қалалардың дамуына тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сапалы қызмет – ел өркендеуіне қосылған үлес

Содан соң Мемлекет басшысы өте құбылмалы әрі бұлыңғыр геэкономикалық ахуалды айта келе, осындай кезеңде бизнес өкілдерінің жасампаздық, отаншылдық қасиеттері айқын көрінетінін, мұндай уақытта кәсіпкерлеріміздің табанды еңбегі және ел болашағына деген зор сенімі аса маңызды екенін атап өтті.

– Түгітеп келгенде, сапалы өнім шығарып, сапалы қызмет көрсету – бәсекеге қабілетті болу және ең бастысы, еліміздің өркендеуіне нақты іспен үлес қосу деген сөз. Ел Президенті ретінде кәсіпкерлерге, ұлттық буржуазиямызға, соның ішінде, ең алдымен, осы залда отырған бизнес-қоғамдастық өкілдеріне шынайы құрметпен қараймын. Сіздердің қабілеттеріңізге, іскерлік және адамгершілік қасиеттеріңізге сенемін. Сіздер мемлекетіміздің ілігі, экономикалық әлеуеті үшін табанды еңбек етіп келе жатқан Қазақстанның нағыз патриотысыздар. Сіздер – жетістікке жетуден шыбыт алатын, өзгелерге үлгі болатын азаматсыздар. Әр қадамдарыңыз сәтті болатынына сенімдімін. Қандай да бір істе болсын, пессимизмге бой алдыратын, әрекетсіз, құлықсыз, іші тар адамдардың жетістікке жетпейтіні ертеден белгілі. Мұны, әсіресе, әлеуметтік желіде уақытын өткізіп жатқан жастар білуі әрі есте сақтауы керек. Шығыс даналығы ең қиын жағдайдың өзінде үлкен мүмкіндіктер жасырынып жататынын айтады. Сондықтан еңсені түсіріп, күйзеліске берілудің қажеті жоқ. Керісінше, жетістікке жететін жол іздеу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, елімізде табысты бизнеспен айналысуға қолайлы жағдай жасалған. Мұны барлық шетелдік бақылаушы мен маман мойындап отыр. Креативті индустрия секілді жаңа секторларды дамыту арқылы экономиканың көкжиегі кеңейеді. Халықаралық қаржы институттарының есебіне сәйкес аталған сегмент әлем бойынша жыл сайын 2 трлн доллардан аса табыс әкеле алады, сондай-ақ 50 млн-нан аса жұмыс орнын ашуға қауқарлы. Бірқатар дамыған елде, мәселен, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Корея Республикасында креативті индустрия ішкі жалпы өнімнің 2-ден 7 пайызға дейінгі көлемін қалыптастырады. Сарапшылардың бағалауынша, креативті индустрияға салынған әр доллар

қосылған құнның 2,5 долларын құрайды. Қазақстанда креативті индустрияны өркендетуге айтарлықтай әлеует бар. Біздің жастарымыз өте шығармашыл, олардың мінезі де, менталитеті де соған сай келеді.

Алайда еліміздің ішкі жалпы өніміндегі бұл сектордың үлесі 1 пайыз ғана. Кейінгі жылдары бәсекелестіктегі артықшылықтарымызды толық ашуға, экономикалық өсімнің тын мүмкіндіктерін табуға, инвестиция тартуға және кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға бағыт алдық. Үкіметтің алдында сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету міндеті тұр. Жолдауда инфляцияның шарықтауына жол беруге болмайтынын көрсетілді. Өйткені инфляция азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған барлық шешім мен әрекетті жоққа шығарады. Бұл орайда өте қатаң бюджет тәртібін орнатпаса болмайды. Қаржы ішкі жалпы өнімнің өсуіне, Қазақстанның әлемдік аренада лайықты орнын алуына ықпал ететін басым жобалар мен бағдарламаларға ғана жұмсалуда тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдерімен, халық күнделікті тұтынатын тауарлармен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілмей келеді. Импорт өте көп. Ол көзге анық көрініп тұр. Бірқатар тауар номенклатурасы бойынша сырттан келетін өнімге тым тәуелдіміз. Қазақстанда бұған жол беруге болмайды. Оның үстіне биыл мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына 1 трлн теңге қолдау жасалды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал еліміз шығаратын өнім көлемі 2024 жылдың қорытындысында 8,5 трлн теңгеге бағаланды.

– Қазаққа «Жақсылық жүрген жерде ташшылық болмайды» деген сөз бар. Биылғы «Парыз» байқауына қатысушылар түрлі қайырымдылық іс-шараларына 37 млрд теңгеден аса қаржы салған. Бұл отандық бизнестің қоғам игілігі үшін аянбай адал қызмет етуге дайын екенін көрсетеді. Осында отырған әр азаматтың туған елге деген ықылас-пейіл жас кәсіпкерлерге үлгі-өнеге болары сөзсіз. Сіздерге тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін! Кәсіптеріңіз алға баса берсін! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін! – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларына қатысқан кәсіпкерлердің барлығына алғыс айтып, лауреаттарды марапаттады.

Шағын және орта бизнес субъектілері арасында «Парыз» сыйлығы Солтүстік Қазақстан облысының «Ақ-Ниет-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне табысталды. Ал ірі бизнес өкілдері ішінен Ұлытау облысындағы «Қазақмыс» корпорациясы лайық деп танылды.

«Алтын сапа» сыйлығына «Үздік индустриялық жоба» аталымы бойынша «Karlskrona LC AB» (Шымкент қаласы), «Үздік инновациялық жоба» аталымы бойынша «AG TECH» (Астана қаласы) компаниялары ие болды.

Балалар қауіпсіздігін қорғау – басым бағыт



Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіпкерлерге қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне арналған жиын өтті.

Басқосуға Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Бас прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өмірәлиев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қатысты. Жиында Астана және Алматы

қалалары, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстары әкімдерінің орынбасарлары баяндама жасап, балалар қауіпсіздігін қорғау саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Ерлан Қарин балалар құқығы

мен қауіпсіздігін қорғау ішкі саясат саласының басым бағыты әрі Мемлекет басшысының жіті назарындағы мәселе екенін еске салды.

Мемлекеттік кеңесші елімізде балалардың құқығын қорғау саласында заңнамалық және институционалдық негіздер қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар «Қазақстан балалары» бағдарламасының жобасы аясында 100-ден аса іс-шарадан тұратын

кешенді шаралар қарастырылып отырғанын жеткізді. Мұның барлығы балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілін жетілдіруге бағытталған.

Ерлан Қарин Оқу-ағарту министрлігіне аталған бағыттағы жұмысты ұтымды үйлестіріп, бірлескен іс-қимыл шаралары мен тәсілдерін әзірлеуді тапсырды.

Өңірлер басшылығының қатысуымен мұндай жиындар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Машина жасау саласын қолдау күшейеді

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстан машина жасаушылар одағы Үйлестіру кеңесінің отырысына қатысып, сөз сөйледі. Кездесуге қатысушылар саланың даму келешегіне тоқталып, оларды іске асыру жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ жиында биыл атқарылған жұмыс қорытындыланды.



Мәулен Әшімбаев іс-шараға қатысушыларға ілтипат білдіріп, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында белгілеп берген өңдеу өнеркәсібінің басым бағыттарына назар аударды. Палата спикері оларды уақтылы әрі сапалы іске асырып, жаңа өндіріс орындарын ашу үшін заманауи ішкі нарықтағы ұстанымын нығайтып, оны халықаралық деңгейде дамытуға ықпал етеді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында өңдеу өнеркәсібін дамытудың маңызды екенін айрықша атап өтті. Жалпы, машина жасау

ғылымды қажет ететін, күрделі және озық сала ретінде елдің индустриялық дамуының негізгі драйверлерінің бірі саналады. Бұл сектор экономиканың аралас салаларына мультипликативті әсер етеді. Сондай-ақ оның өнімдерінің қосылған құны жоғары екені белгілі. Сондықтан Парламент Мемлекет басшысы жүктеген міндеттердің орындалуы үшін дәйекті түрде саланы қолдау жүйесін қалыптастырып келеді», деді Сенат төрағасы.

Сондай-ақ ол сенаторлар Қазақстан машина жасаушылар одағымен бірлесіп әзірлеген машина жасауды дамытуға арналған заң жобасына ерекше мән беріп, Палатаның осы бағыттағы

жұмысына кеңірек тоқталды. Құжат автомобиль өнеркәсібін өркендетуге, салалық кластерлер құруға, арнайы экономикалық аймақ пен индустриялық аймақтарды дамытуға және дуалды оқытуға қатысты маңызды шараларды қамтиды.

Отырыс барысында Үйлестіру кеңесінің мүшелері белгілі бір нәтижелерге қарамастан, салада әлі де болса жетілдіретін тұстар бар екеніне назар аударды. Соның ішінде Қарағанды облысының Саран қаласында өткен машина жасауды дамыту мәселелеріне арналған дөңгелек үстелде айтылған бірқатар міндет жан-жақты сөз болды. Оларды Машина жасауды дамытудың 2024–2028

жылдарға арналған кешенді жоспары аясында қосымша пысықтау қажет. Нақты айтқанда, кадр тапшылығы, жабдықты жаңарту үшін заманауи технологиялар мен инвестициялардың жеткіліксіздігі, импортқа тәуелділік сияқты түйткілдер өте өзекті. Бүтінде мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, энергетикалық машина жасау сияқты машина жасаудың бірқатар стратегиялық сегментінде оқшаулау деңгейі 20–30 пайызды құрайды. Ал білікті мамандарға деген қажеттілік 7 мың адамға жеткен.

Сонымен қатар іс-шарада ірі өнеркәсіптік жобалардың қызметі мен аралық нәтижелеріне, оқшаулау деңгейіне, жабдықты жаңғыртуға және шығарылатын өнім желісін кеңейтуге қатысты пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Цифрландыру және заманауи технологиялық шешімдерді енгізу мәселелері де талқыланды.

Жалпы, отырысқа Премьер-министрдің бірінші орынбасары, Үйлестіру кеңесінің төрағасы Роман Скляр, «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ басқарма төрағасы Мейрам Пішембаев пен салалық министрліктер мен жетекші отандық кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

Күн тәртібі белгіленді

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюрода алдағы жалты отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттар қолданыстағы Салық кодексіне коммуналдық меншіктегі энергия өндіруші ұйымдарға салық салу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарайды. Заң жобасын депутаттар электр және жылу энергиясын, сондай-ақ суды бір мезгілде өндіретін ұйымдарға берілетін мемлекеттік субсидияларды толық пайдалану мақсатымен әзірледі.

Құжатта салық салудың құқықтық негізі белгіленеді және стратегиялық нысанның пайда салығын төмендету көзделген. Нысан – Ақтау қаласын, жақын маңдағы ауылдарды және аймақтағы өнеркәсіптік кәсіпорындарды электр энергиясымен, жылумен, техникалық және ауызсумен қамтамасыз ететін Маңғыстау облысындағы көп салалы кәсіпорын.

Мәжіліс депутаттары бастамашы болған күзет

қызметі мәселелері бойынша түзетулерді екінші оқылымда қарау ұсынылып отыр. Заң жобасы күзет қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру рәсімдерін жетілдіруге, сондай-ақ қару иелері мен күзет қызметтерін ұсынатын ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған.

Сонымен қатар жалпы отырыста 2024 жылдың 29 қазанында Ұлан-Батырда қол қойылған Қазақстан мен Моңғолия үкіметтері арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы ратификациялық келісім қаралады. Құжат екі ел азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарын қамтамасыз етуге, соның ішінде басқа елдің аумағына көшу кезінде қосымша мүмкіндіктер беруге, атап айтқанда, зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде жұмыс жәжірібесін ескеруге және қосуға бағытталған.



Дақылды егуге лимит бекіту қажет

Түркістан облысында егінге қажетті суды тиімді бөлу мақсатында вегетация кезеңіндегі күтілетін су көлемін ескере отырып, ылғалсүйгіш дақылдарды егу лимиттері қайта қаралды.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Түркістанда 2026 жылғы вегетация кезеңіне дайындық мәселелеріне арналған отырыс өткізді. Жиынға су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, су шаруашылығы ұйымдарының, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ аймақтың шаруа қожалықтарының өкілдері қатысты.

Кездесуге қатысушылар келесі жылға арналған трансшекаралық судың келу болжамдары мен алдағы суару кезеңінде су ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету шараларын талқылады. Шаруаларға су тапшылығы қаупін азайту үшін су үнемдеу технологияларын енгізудің маңыздылығы мен ылғалды көп қажет ететін дақылдарды азайту қажет екені айтылды.

«Ашхабатта өткен Орталық Азия елдерінің Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында келесі жылы су келу көлемінің азаюы туралы болжам жасалды. Токтоғұл сұқоймасының деңгейі рекордтық төмен көрсеткішке жету қаупі бар. Қазақстанның оңтүстігінде көктемнен бері жауын-шашын болған жоқ. Өкінішке қарай, бұл – аймақтың барлық мемлекетінде кездесіп отырған табиғи үдеріс. Осыған байланысты су үнемдеу технологияларын белсенді түрде енгізу мен ылғалды көп қажет ететін дақылдарды егу лимиттерін қайта қарау өзекті болып отыр. Жаңа лимиттер 2026 жылғы вегетация кезеңіндегі күтілетін 10 млрд текше метр су көлемін ескере отырып есептеледі. Бұған қоса лимиттердің сақталуы қатаң

бақылауға алынады. Құқық бұзушылар кейін мемлекеттен мүмкін емес нәрсені талап етпес үшін барлық жауапкершілікті түсінуі керек», деді Қ.Бозымбаев.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, Түркістан облысында алдағы вегетация кезеңінде күріш егілетін алқап 3,5 мың гектардан аспауға тиіс. Вице-премьер Ауыл шаруашылығы мен Су ресурстары және ирригация министрліктеріне, сондай-ақ Түркістан мен Қызылорда облыстары әкімдіктеріне жұмыс тобын құруды тапсырды. Олар екі аптаның ішінде облыстардағы су тұтыну лимиттерін анықтап, егіс алқаптарын лимиттерге сәйкес жоспарлап бекітуі керек.

Бұған қоса Қанат Бозымбаев Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Достық» трансшекаралық каналы бойына күріш егуге тыйым салу ұсынысын қолдады. Күрішті тек «Қызылқұм» каналының бойында 3,5 мың гектар алқапта су үнемдеу технологияларын қолдана отырып өсіруге рұқсат етіледі.

Диқандарға ауыл шаруашылық дақылдарын әртараптандыруға, көп су қажет етпейтін құрғақшылыққа төзімді дақылдарды өсіруге ерекше көңіл бөлу ұсынылды. Бұл ауыл шаруашылық өнімділігін арттыруға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әрі шектеуді су ресурстары жағдайында ауылдық жерлердің тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Суды үнемдеу мен заманауи суару жүйелеріне көшуге ынталандыру мақсатында ұңғымаларды бұрғылау, инфрақұрылым тарту және су үнемдейтін жабдықтар сатып алу шығындарын өтеу үлесі 50%-дан 80%-ға дейін көтерілді. Егінге қажетті судың сараланған тарифі енгізілді. Су үнемдеу технологияларын қолданатындарға субсидия мөлшері 60%-дан 85%-ға

дейін артты, ал қолданбайтындар үшін субсидия жыл сайын 10%-ға азаяды.

2026–2028 жылдарға арналған жалпы трансферттер шеңберінде су үнемдеу технологияларын енгізуді әрі егінге қажетті су құнын субсидиялауды қолдауға бұрынғы үшжылдық кезеңмен салыстырғанда төрт есе көп қаражат бөлінді.

Бүгінде Түркістан облысында су үнемдеу технологиясы 82 мың гектар алқапта қолданылып жатыр, оның 18,7 мың гектарында жаңбырлатып суару, 63,3 мың гектарында тамшылатып суару жүйелері пайдаланылады. Қазақ су шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының есептеуінше, су үнемдеу технологиясын қолдану суды 20–30%-ға үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бюджеттегі микро-несиелер ұсынады.

2026–2028 жылдары ауылда дамытуға 450 млрд теңге бөлу жоспарда бар, оның 68,7 млрд теңгесі Түркістан облысына ауыл кәсіпкерлігін кеңейту мен кооперативтерді дамытуға бағытталған.

Қанат Бозымбаев «Ауыл аманаты» жобасын қаржылық қолдау тетігі ретінде ғана емес, ауылды экономикалық жаңғыртудың маңызды құралы ретінде қарастыру керек екенін атап өтті. Келесі жылдан бастап ауылдық инфрақұрылымдық қаржыландыру жалпы трансферттер арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясындағы барлық инфрақұрылымдық бастама облыстар мен аудандардың даму бағдарламаларына нақты енгізілуі керек. 2026–2028 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерді жоспарлау кезінде әкімдіктерге өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштерінің төмендеуіне жол бермес үшін ауылдық инфрақұрылымдық қаржыландыруды қамтамасыз ету жүктелді.

Комиссияның қорытынды отырысы

Кеше «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау жөніндегі конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өтті.

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жастарға жан-жақты қолдау көрсету Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік саясаттағы басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты – дарынды жастарды анықтауға бағытталған Президент бастамаларының бірі.

Комиссия құрамына Парламент депутаттары, көрнекті ғалымдар, мәдениет саласының еңбек сіңірген қайраткерлері, медиа-сарапшылар, бизнес өкілдері кірді. Аида Балаева комиссияның әділ шешім қабылдағанына сенім білдірді.



Комиссия қорытындысының нәтижесінде 6 бағыт бойынша ең жоғары балл жинаған 30 жоба іріктелді.

Жеңімпаздарға жобаларын жүзеге асыруға мемлекет тарапынан 3 миллион теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсетіледі.

Айта кетейік, биыл барлығы 1700 өтінім түсті. Оның ішінде

1622 өтінім қабылданды. Атап айтқанда, «Бизнес» бағыты бойынша – 796, «Ғылым» бағыты бойынша – 138, «Мәдениет» бағыты бойынша – 152, «Ақпараттық технология» бағыты бойынша – 211, «Медиа» бағыты бойынша – 154, «Волонтерлік» бағыты бойынша – 171 өтінім.

Игі істер адамдарға қуаныш сыйлайды

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева елімізде қызмет етіп жатқан волонтерлерді Халықаралық волонтерлер күімен құттықтады. Ол әлеуметтік желідегі парақшасында қалдырған жазбасында волонтерлік қозғалыс еліміздегі қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналғанын мәлімдеді.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

А.Балаева қайырымдылықтың басы-қасында жүргендердің мәдениет пен білім, экология мен медицина, әлеуметтік қолдау мен қайырымдылық

салаларының дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқанын ерекше атап өтті.

«Кейінгі жылдары елімізде волонтерлікті мемлекеттік қолдаудың біртұтас жүйесі қалыптасты, бұл – әрқашан мемлекеттік саясаттың

назарында. 5 желтоқсан күні БҰҰ-ның Нью-Йорк қаласындағы Штаб-пәтерінде Орнықты даму жолындағы Халықаралық волонтерлер жылы ресми бастауын алады. Аталған жылды жариялау туралы ұсыныс Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқанын мақтан тұтамыз», деп жазды министр.

Бұған қоса ол еліміз үшін Орнықты даму мақсаттарын іске асырудағы волонтерлердің рөліне баса назар аударып, аталған жыл «Бірге – тұрақты болашақ үшін!» ұранымен жақсылық пен бірліктің жалпыхалықтық мерекесіне айналғанын атап өтті. Сонымен қатар оның жаһандық серіктестік рухында жаңа мүмкіндіктер апаратынына, миллиондаған адамды тұрақты, әділ және бейбіт әлем құрудың ортақ ісіне қатысуға шабыттандыратынына сенім білдірді.

«Күрметті волонтерлер! Мемлекет сіздердің белсенділігіңізді, азаматтық ұстанымдыыз бен жасампаз істеріңізді жоғары бағалайды. Біз волонтерлік бастамаларды одан әрі қолдаймыз, даму үшін мүмкіндіктерді арттырамыз. Барлық волонтерге еліміздің дамуына қосқан үлесі, табандылығы, мейірімділігі мен өз ісіне адалдығы үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердің игі істеріңіз әрқашан құрмет пен қолдау тауып, адамдарға қуаныш пен шаттық әкелсін. Сіздерге зор денсаулық, амандық, күш-қуат және қоғамға қызмет ету жолында табыс тілеймін!» деді А.Балаева құттықтауында.



ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Шағын және орта бизнес қолдаудан кенде емес

Елімізде шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдау экономикалық саясаттың негізгі бағытының бірі болып қалыптасты. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз конференциясында Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев кеңінен баяндады. Оның айтуынша, кейінгі жылдары ШОБ-тың даму қарқыны оң динамика көрсетіп, ел экономикасының құрылымында маңызды орынға ие бола бастаған.

**Нұрбай
ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»**

Ресми деректерге сүйенсек, биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында ШОБ-тың ішкі жалпы өнімдегі үлесі 39,8%-ға жеткен. Бұл өткен жылдың сойкес кезеңімен салыстырғанда 1,6%-дық тармаққа артық. ШОБ үлесі жоғары өңірлер қатарына Астана (72,3%), Алматы (59,2%), Шымкент (57,6%) қалалары кіреді. Сондай-ақ Алматы, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында да бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары.

Оң көрсеткіштер жеке сектордағы белсенділік артып, кәсіпкерліктің экономикалық үдерістердегі орны айқындала түскенін көрсетеді. Вице-министрдің пікірінше, кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны биылғы жылдың II тоқсанында 3,8%-ға өсіп, 4,4 млн адамды құрады. Бұл отандық экономиканың ең серпінді дамып келе жатқан сегменттерінің бірі еңбек нарығында да маңызды рөл атқаратынын білдіреді.

Тағы бір айта кетерлігі, тіркелген ШОБ субъектілерінің 91,2%-ы жұмысын сәтті жалғастырып отыр. Бұл саладағы тұрақтылық пен өмірсендіктің жоғары деңгейін көрсетеді.

Биылғы жылдың алғашқы жартысында ШОБ шығарған өнім көлемі 25%-ға артып, 42,7 трлн теңгеге жеткен. Ең белсенді өңірлер қатарында Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Атырау, Қарағанды облыстары бар.

Өсім бес негізгі салада байқалып отыр. Сауда – 12,6 трлн теңге (29,6%), өнеркәсіп – 7,1 трлн

теңге (16,7%), оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 5 трлн теңге (11,7%), құрылыс – 6,4 трлн теңге (15%), көлік және қоймалау – 3 трлн теңге (7%), ауыл шаруашылығы – 1,6 трлн теңге (3,8%). Саладағы тұрақты өсім кәсіпкерлік әожүйесінің біртіндеп күшейіп келе жатқанын, жеке капиталдың экономикалық белсенділігі арта түскенін айғақтайды.

Биыл Ұлттық экономика министрлігі Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) бірге «Орта бизнес субъектілерінің инвестициялық тар-тымдылығын арттыру» бағдарламасын іске асырып жатыр.

«Ұлттық экономика министрлігі ЕҚДБ-мен бірлесіп «Орта бизнес субъектілерінің инвестициялық тар-тымдылығын арттыру» бағдарламасы аясында кәсіпорындардың өндірісін 2-3 есеге арттыруға бағытталған нақты жоспар әзірлеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Кәсіпорындарға диагностиканы жүзеге асыру мен кәсіпорындарды дамытудың жеке жоспарларын дайындау жөнінде қолдау көрсетіледі», деді вице-министр.

Орта бизнес көбіне өңдеу өнеркәсібінде шоғырланған. Бұл сала металл өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, машина жасау, химия өнеркәсібі сияқты бағыттарды қамтиды. Бүгінде көптеген кәсіпорын өздерінің қолданыстағы өндірістік қуатын толық пайдаланбай отырғандықтан, өсім әлеуеті әлі де жоғары.

Келесі жылдан бастап жаңа Салық кодексі енгізіледі. Оның басты жаңалығы – шағын бизнес үшін жеңілдетілген декларация мен бөлшек салық режимі біріктіріледі, сондай-ақ

кәсіпкерлерге арналған бірыңғай салық режимі пайда болады. Бұл реформа бизнес жүргізу үдерісін оңайлатып, жүктемені азайтып, кәсіпкерлерге қолайлы әрі түсінікті салықтық орта қалыптастыруға бағытталған.

«Келесі жылдан бастап жаңа Салық кодексін енгізуге ерекше назар аударылды. Шағын бизнес үшін жеңілдетілген декларация мен бөлшек салық режимі біріктіріліп, шағын бизнеске арналған бірыңғай режим құрылады. Жылдық шекті табыс 600 мың АЕК-ке дейін немесе 2,4 млрд теңге көлемінде белгіленеді. Дегенмен жұмыскерлер санына шектеу қойылмайды. Бұған қоса, егер жылдық табыс 24 000 АЕК-тен асқан жағдайда, еңбекқы қоры сомасына салық салынатын табысты азайту қарастырылған. Өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға жаңа, жеңілдетілген салық режимі қарастырылған, бірыңғай ең төменгі төлем 4%», деді Е.Сағынаев.

Елімізде кәсіпкерлікті дамытуға арналған реформалар кешенді түрде жалғасып келеді. ШОБ секторындағы өсім көрсеткіштері оң динамиканы айқындап қана қоймай, ел экономикасында жеке бизнестің рөлі артып келе жатқанын көрсетеді. Мемлекеттің орта бизнеске басымдық беруі, салық жүйесін жаңғыртуы мен халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастығы – отандық далаңбай отырғандықтан, өсім әлеуеті әлі де жоғары.

Елдегі бизнес-климатты жақсарту бағытында қолға алынған шаралар алдағы жылдары да кәсіпкерліктің дамуына серпін беретіні сөзсіз.

ӨНДІРІС ӨРІСІ



Суретті түсірген – Бақырш БҒАЙЕВ

Алкилат зауытының қазығы қағылды

1 <

«Бүгін біз Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда маңызды қадам жасап отырмыз. Елімізде алкилат өндіретін алғашқы зауыттың құрылысы сала үшін де, ел үшін де стратегиялық маңызға ие. Оның табысты жүзеге асырылуы – жаңа өндірістік құзыреттерді қалыптастыру жолында мемлекет, бизнес, ғылыми қауымдастық арасындағы өзара іс-қимылдың айқын көрінісі. Мұнай-химия саласын әртараптандыру мен мұнай өңдеу тереңдігін арттыруға бағыт алған еліміз үшін бұл жоба қарапайым жаңа өнеркәсіп нысанының құрылысы ғана емес, әлдеқайда маңызды бастама болғалы отыр», деді өңір басшысы Асайын Байханов жаңа кәсіпорынның қазығын қағу рәсімінде.

Келешекте өндіріс орны жылына 97 мың тоннаға жуық алкилат шығарады. Бұл 110 мың тонна бутан-бутилен фракциясынан жоғары сапалы бензин, оның ішінде авиациялық отын

өндіруге мүмкіндік береді. Жоба иелерінің айтуынша, зауыт экологиялық жағынан қауіпсіз. Мұнда энергиялық тиімді технологиялар, автоматтандырылған басқару жүйелері, қоршаған ортаға әсерді барынша азайтатын инженерлік шешімдер қарастырылған. Кәсіпорында құрылыс кезеңінде шамамен 500 жұмыс орны, іске қосылғаннан кейін 180-нен астам тұрақты жұмыс орны құрылады. Зауыттың өнімдері ішкі нарыққа, соның ішінде Павлодар мұнай-химия зауытына, сондай-ақ экспортқа да бағытталатын болады. Кешеннің толық іске қосылуы 2027 жылға жоспарланған.

Мамандардың сөзінше, алкилатты октанды арттыратын компонент ретінде пайдалануға көшу – экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі міндеттерге ғана емес, сонымен бірге тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі оңтайлы шешім. Отандық мұнай өңдеу зауыттары бүгінде N-метиланилин, метил-трет-бутил эфирі (МТБЭ) сияқты октанды

арттыратын компоненттерді пайдаланады. Дегенмен олардың қолданылуында бірқатар шектеу бар. Мәселен, N-метиланилин улы, азот оксидтерінің шығарылуына ықпал етеді, отынның коррозиясын арттырады әрі қозғалтқыштардың тозуын тездетеді. МТБЭ октан санын ұлғайтады, бірақ ол жану кезінде улы заттардың пайда болуына ықпал етеді. Сондықтан алкилат заманауи, экологиялық таза шешім ретінде құпталып отыр. Нәтижесінде, көлік отыны өндірісі барысында көмірқышқыл газының, азот оксидтерінің, канцерогендердің шығарындылары азайып, отынның сапасы қамтамасыз етіледі.

Атап өтейік, жаңа зауыт құрылысы Үкімет пен Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз» АҚ, Павлодар мұнай-химия зауыты, қаржылық серіктес – Қазақстан даму банкі деңгейінде қолдау көрсетіле отырып жүзеге асырылып жатыр.

Павлодар облысы

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Асылтұқымды малдың пайдасы мол

Қазір ауыл шаруашылығын дамытуға, төрт түлікті асылдандыруға, санын көбейтуге үкіметтен қолдау бар. Осы мүмкіндікті еліміздің әр аймағындағы малсақ қауым тиімді пайдаланып, сүтті, етті малдың небір түрін өсіретін болған. Шетелден келетін тұқымдар көбейгенде елде бұрыннан бар малдың түрі азаятыны түсінікті. Осындай өзгерістерге қарамастан, малдың бабын білетіндер мүйізді ірі қараның ішінде қоңдысы саналатын қазақтың ақбас сиырын ерекше бағалайды.

**Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»**

Кез келген аймақтың табиғатына, климатына қарай малдың да өз бабы, күйі болады. Мысалы, еліміздің оңтүстік-шығысында мүйізді ірі қараның бітімі әдетте ірі келеді. Қуаңшылық қысқан аймақтарда сиырдың тұрпаты шағындау болса, солтүстіктегі қысы қытымыр өлкелерде мал атаулы суыққа төзімді. Қазақ ақбас сиырының басты артықшылығы, кез келген климатқа жерсінетін қабілетінде. Жайылым талғамайтын қасиеті де бар. Ресми деректерден білгеніміз, қазақ ақбас сиыры тарихының бастауы шамамен 1930–1950 жылдармен тұспа-тұс келеді. Өйткені бұл тұқым 30-жылдары кеңестік республикаға жеткізілген герфорд бұқасымен қазақ, қалмақ сиырларын будандастыру нәтижесінде пайда болған. Герфорд XVIII ғасырдың соңында Англияда өсірілген. Әдетте бұқасының салмағы 900-1000 кг-ға дейін барса, сиыры 550-600 кг тартады. Содан болар, табиғатынан етті келетін қазақтың ақбас сиыры тұрпаты жағынан ерекшеленіп, бірден көзге түседі. Жайылым жайлы, жем-шөбі мол, күйі жақсы болса, жылдам ет жинайды.

Елімізде «Қазақ ақбас тұқымы» республикалық палатасы жұмыс істейді. Палата қазақтың ақбас сиырын көбейтумен, оның асылтұқым ретінде қалыптасқан қасиетін сақтаумен айналысады. Мал басын дерекқорда тіркейді, «асылтұқымды» деген мәртебе береді. Селекциялық асылдандыру жұмыстарын үйлестіреді. Жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғайды. Палатаның директоры

Бақтияр Өтелбаевтың айтуынша, егемендік жылдарынан кейін саны азайып кеткен қазақтың ақбас сиырын көбейтуге қазір дұрыс көзқарас қалыптасып келеді. Бірақ жұмысты мықтап үйлестіруге кедергі келтіретін себеп-салдар да жоқ емес.

«Кейінгі 15 жылдың шамасында еліміздегі аграрлық саясаттың мақсатты түрде дамып келеді. Мақсатты деп отырғанымыз, асылтұқымды мал өсіруге басымдық берілді. Нәтижесінде, етті мал шаруашылығында қазақ ақбас сиырының саны көбейіп, ет өндірісі ілгеріледі. Мал өнімділігін арттыру бағытында оң өзгеріс байқалды. Етті мал шаруашылығын субсидиялау, шаруаларға несие беру секілді мемлекеттік қолдаудың шапағаты тиді. Алайда кейінгі бірер жылда байқағанымыз, салаға көрсетілетін қолдаудың көлемі азайып, бұрынғы субсидиялардың бір бөлігі қысқарды. Бұл да болса ақбас сиыр шаруашылығына белгілі бір деңгейде әсер етпей қоймайды», дейді Б.Өтелбаев.

Асылтұқымды малдың статистикалық есебіне үңілсек, 1991 жылы қазақтың ақбас сиыры 1 млн 370 мың бас шамасында болған. Осы кезеңде елдегі ет бағытындағы сиыр саны 2,5 млн басқа жеткен. Оның ішінде ақбас сиырдың үлесі 55%-ды құраған. Ақбас сиыр саны жөнінен дәл осы кезеңде рекордтық жеңені бағындырыпты. Әрине, қазіргі жағдайды ол кезбен салыстыруға келмейді. Бірақ жағдай аса күрделі емес. Субсидияға қатысты шектеулер де нақты ақбас сиырға қолданылып отырған жоқ. Жалпы, ірі қара мал шаруашылығына қойылған талап. Үкіметтен малдың осы түрін өсіруге қолдау болмаса, жекелеген кедергі жоқ. Осының нәтижесінде қазір қазақ ақбас



Суретті түсірген – Еран ОМАР, «Ю»

сиырының жалпы саны елімізде 730 мың басқа жетті. Оның ішінде 510 мың бас ірі қара асылтұқымды саналады.

Қазақ ақбас сиырының басқа ірі қаралардан артықшылығы, тек ет жылдам жинайтынында немесе жайылым талғамайтынында емес екен. Малдың сипаты туралы Б.Өтелбаев егжей-тегжей айтып берді.

«Ғылыми зерттеулер мен тәжірибе көрсеткендей, малдың осы түрі біздің табиғатқа, климатқа әбден бейімделген. Еліміздің қай өңірінде өсірсе де қасиетін жоғалтпайды. Шөл-шөлейт жайылымдарға шыдамды. Ыстыққа төзімді. Тірек-қимыл сүйек құрылымы мықты болған соң, ұзақ айдауға шыдамды, тұяғы берік. Аптап ыстықта тәулігіне 25–30 шақырым айдауға төзе алады. Ыстыққа бейімделген соң, қуаңшылыққа да оңай шыдайтын қасиеті бар. Мал негізінен дала өсімдіктерімен қоректенеді. Сөйте жүріп жайылымда салмағын шығынсыз сақтап қалады. Өйткені оның табиғи түрде тез май жинайтын қабілеті бар. Жайылымға, жем-шөпке талғампаз емес. Азығы құнарлы болса, бірден салмақ жинайды», дейді Б. Өтелбаев.

Жыл өткен сайын асылтұқымды мал асырайтын фермерлер көбейіп келеді. Солардың бірі – жас кәсіпкер Азат Рашидов. Instagram парақшасында 50 мыңға жуық оқырманы бар кейіпкеріміз өзінің жұмысын насихаттап қана қоймай, қазақ ақбас сиырынан көл-көсір пайда түсіруге болатынын айтудан жалыққан емес. Ақбас сиыр туралы кеңес сұрап келгендерге білгенін айтып, қолдау көрсетеді. Бірақ негізгі мақсаты бұл емес, ол бірінші кезекте қазақ ақбас сиыр тұқымын әлемге танытып, еліміздің мал шаруашылығына барынша мол үлес қосуды ойлайды. Орта жолда іркіліп қалғысы жоқ. Кәсіпкер қазірдің өзінде қазақ ақбас сиырының санын мынанан асырған.

«Ауыл шаруашылығына дейін құрылыста еңбек еттім, кейін ет сатумен айналыстым, басқа да шаруалармен шұғылдандым. Еңбек нарығында өз жолында табуға талпындым. Таңдаған мамандығым да қазіргі жұмысбағымынан алыс емес, мал дәрігерлігі болды. Екінші курсты тәмамдап жатқан тұста университеттен жеңілдік алып, жарты жылға жуық Жаңақала аудандық ветеринария стансасында еңбек еттім. Оқуымды табысты

аяқтаған соң, 2017 жылды өскен өлкем Жаңақала ауданына оралдым. Айдархан елі мекенінде ірі қара мал өсірумен айналыса бастадым. Қазір қазақтың ақбас сиыры мен Мұғалжар жылқыларын өсіреміз. Жалпы, шаруамызды дұрыс жолға қоюға мемлекеттік бағдарламалардың көп көмегі тиді. Мүйізді ірі қара малдың ішінде қазақ ақбас сиырын таңдауымызға малдың қазақ даласына әбден жерсінгендігі, етті жылдам жинайтын қасиеті себеп болды. Оның үстіне кейінгі жылдары әлемде ғана емес, біздің елде де етке сұраныс жоғары», дейді Азат.

Ақбассиырдың тағы бір артықшылығы, табынды қалпына келтіруге селекциялық жағынан қолайлы. Дене тұрқы мықты, бұлшықеті жақсы дамыған. Келте мойын, кең жауырын. Жаңа туған бұзауларының ішінде ұрғашыларының салмағы – 25–27 кг, еркегі 28–30 кг шамасында болады. Бұзауды сиырдан бөліп алар кездегі салмағы 250 кг-ға дейін жетіп қалады. Сиырлардың салмағы 500–570 кг шамасында, жекелегендері – 750–800 кг-ға дейін жетуі мүмкін. Сол секілді бұқалардың орташа салмағы – 850–950 кг, кейбір ірілері 1 тоннадан асады.

Арыға бармай-ақ қоялық, кейінгі екі-үш жылда сиыр етінің бағасы шарықтап кеткені сонша, жылқы бағасынан асып түсті. Ет бағасының бірер жылда дәл осылай екі есеге дейін қымбаттаған кезі болған емес. Бұл ретте елдегі фермерлерді немесе оншақты бас малын асырап отырған ауыл тұрғындарын кінәлай алмаймыз. Себебі баға қолдан қымбаттаған жоқ, мәселе экспортқа байланысты болып тұр. Бұл – бөлек тақырып. Айтпағымыз, дәл осындай қиын-қыстау кезеңде шетелден мал тасығанша, қазақ топырағына әбден жерсінген ақбас сиырлардың санын көбейтуге басымдық берсек деген тілекпен үндеседі. Қалай дегенде, етке сұраныс артып, баға құбылып тұрған мезгілде қонды мал өсіргеннен пайдасы зор. Бір сөзбен, қазақ ақбасының тұқымын көбейтіп, өзге елдерге таратудың жақсы мүмкіндігі туып тұр.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

2023 жылдың күзінде Солтүстік Қазақстан облысында аса ірі рухани іс-шара болды. Оған Алматыдан, Астанадан белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Мұнда 1918 жылы Петропавл уезі Аққусақ болысында Алаш қайраткерлерінің қазақ жастарынан әскер жинап, халықтың өзін-өзі қорғауына мүмкіндік тудыруына арналған жиынын аталып өтті. Жиын «Қызыл ой» деген жердегі Әлти қажының қыстауында болған. Оған өңірдегі 22 болыспен қатар Көкшетау, Қостанай жағынан да атпен, арбамен қазақтар жиылып, шамамен 10 мыңдай адам келген.

Қай істің де келісіп шешілгені жөн

Жақсыбай САМРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Жиынның басты қонағы Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы болып, қазақтың болашақ атты әскерлері халықтың алдынан Мағжан жазған Алаш маршын: «Арғы атам – ер Түрік, Біз Қазақ еліміз. Самал тау, шалқар көл, Сарыарқа жеріміз. Сай сайлап, мал айдап Сайрандап, иен жайлап, Ерке өскен Арқаның Еркесі серімізді» айтып сәппен өткен. Барлық салтанатты Қызылжар өңірі жақсы білетін Алаш қайраткері Абылай Рамазанов басқарған. Осы елдік жиын туралы жазушы Сәбит Мұқанов та өзінің «Өмір мектебі» кітабында жазған. Алаштың алыс түкпірлерде жасаған осындай жиыны басқа ешқандай жерде болмаған, ол елдің рухын көтеріп, еңсесін тіктеген. Сондықтан да оның маңызы зор, атағы да алысқа кеткен.

Осыны елшіл тұлғаларымыз жақсы түсініп, еліміздің барлық түкпірінен келген ғалымдардың, ұлтжанды қайраткерлердің қатысуымен осы оқиғаның 105 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференцияда алдымен белгі орнатылып, артынан, 2025 жылы мемориалдық кешен тұрғызу қажеттігі туралы қарар қабылданды. Бұл дата Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толатын мерейтойға да дөп келетіндігі айтылған.

Ал қарарды іске асыруды Әлти қажының ұрпағы, жергілікті кәсіпкер Нағашыбай Барлыбаев өз мойнына алған. Ол – өте іскер жігіт, қолға алған дүниесін әрқашан аяғына жеткізбей тынбайтын табанды кәсіпкер. Конференциядан кейін жұмысқа қатты кіріскен Нәкен бұл жерді мемлекет тарапынан қорғауға алынатын киелі орындар қатарына да енгізген. Басқа да отаншыл, қалталы азаматтарды ұйымдастырып, биылғы күзде мемориалдық кешен де бой көтерді.

Осы араға ең жақын елді мекен «Петровка» ауылы оншақты шақырым жерде. Ескерткіштің өзі «Петропавл-Благовещенка» тасжолының бойында, ашық далада асқақтап тұр. Бюджеттен бір тиын да шығармаған әсем ескерткіштің негізгі шығынын кәсіпкерлер Нағашыбай Барлыбаев пен Жақаннұр (М.Дулатұлы) жиені Ерлан Сатыбалдиев көтерген, басқа да азаматтар атсалысқан. Салтанатты ашылуы 27 қыркүйекке белгіленіп, оған қатысуға Алматыдан, Астанадан, басқа да қалалардан белгілі ғалымдар, депутаттар, генералдар келмек болып билет те алып қойған.

Осы кезде аяқ астынан шара әзірше өтпейтін болып шешілді. «Аққусақ құрылтайы» атанған мемориалдық кешен неге салтанатты ашылмады?» деген сұрақ жергілікті жұртшылықты да, Астана, Алматы ғалым, ақын-жазушыларын да толғандыра түсті...

Төбеден жай түсірген хабарды естіген бойында Нағашыбай Барлыбаевқа жолығып, себебін сұрадық. Сөйтсек... ол кешеннің құжаттарын жергілікті билікпен келіспей, ешкімнен рұқсат алмай бастап кеткен екен. Былтырғы, үшінші Ұлттық құрылтайда Президент Қ.Тоқаев елде қаптапты, жөнді-жөніс ескерткіштер тұрғыза берген істі сынап: «Шетеледе бізді көне заманға жәнне кеңестік кезінде қатысты монументтері қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды», деп шенеген еді. Осыны жүректеріне түйген атқарушы биліктің жауапты орындары Солтүстік Қазақстанда рұқсат қағазсыз ескерткіш тұрғызылғанын біліп, қатаң ескерту жасайды. Салаға жауаптылар Н.Барлыбаевты шақырып, рұқсат қағаз алғанша құрылысты тоқтатуды талап етеді. Бастықтардың алдында көніп шыққанымен, Нағашыбай мырза «бір мәнісі болар» деп құрылысты тоқтатпай жалғастыра береді. Мұны білген жауапты басшылар Нағашыбай Барлыбаевқа шұғыл ескерту жасап, барлық рұқсат қағаздар алынғанша ескерткіш ашылмайтынын,



Мысалы, осыдан 20 жылдай бұрын ең басты көшеміздің бойындағы бір үйдің қабырғасына қаланы 1906-1917 жылдары басқарған В.Черемисинов дегенге ескерткіш тақта қойылған. «Оу, ол патшаның отарлау саясатын жүргізген адам ғой, оны не үшін ұлықтап отырмыз» дегенге ешкім әлі күнге құлақ асқан емес. Сол сияқты Халтурин, Красин және т.б. большевиктік эпэрбақандар атында да бірсыпыра көше бар. Украинада, тіпті Ресейдің өзінде олардың аттары алынып тасталған. Интернационал, Коминтерн, Пионер, Партизан, Комсомол т.б. көше атаулары да жас ұрпақты «бұл қалай?» дегізіп отыр.

құрылысты тоқтатуды, кем-кетігін қайта қарауды, заңдылықты орындауды талап еткен.

Н.Барлыбаев сол кезде бізден ештеңе жазбауды өтініп, «бәрі дұрыс, бұйырса, кейін ашылатын болды» деп ескерткіштің жоғары бөлігін алдыртып, құрылысын қайта пысықтауды жөн деп шешеді...

Содан бері екі ай уақыт өткен. «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» дегендей, біздің өңірдегі қай біреулер осы мәселені көтеріп, фейсбукке жазды. Бұдан соң және біреулер оны алаулатып-жалаулатып, түрлі әлеуметтік желіге жүктеді. Тіпті тақырыбын «Дулатұлының мемориалын қасақана қиратып кетті» деп шулатып қойыпты. Мәселенің анық-қанығын білмейтіндер халықтың жанын ауыртып, Міржақып мерейтойын ауызға алып, ушықтыра түскен. Кейбіреулер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен оның қызметкерлерін жерден алып, жерге сала бастады... Не керек, ашылмаған ескерткіш бүгінде еріккеннің ермегіне айналып, әлеуметтік желі пайдаланушылары жашпай сыншы болып кетті...

Алдымен, бұл – Міржақып Дулатұлына арналған емес, осы тұлға қатысқан «Аққусақ құрылтайына» арналған ескерткіш екенін түсініп алуымыз керек. Екіншіден, бұл жердегі негізгі кінә – ниеті дұрыс болғанымен, рұқсат қағазын толық пысықтамай ескерткішті тұрғызған Нағашыбай Барлыбаев бауырымыздың асығыстығында. Бұл кінәнің түбі – тым әріде. Егер барлық кәсіпкер өздеріне унаған жерден тиісті орындардан рұқсатын алмай қалаған ескерткішін тұрғыза берсе, мәдени-рухани хаос болып кетпей ме деген ой тууы ғажап емес.

Үшіншіден, М.Дулатұлына Қызылжар халқы да, билігі де ешқашан

қарсы болған емес. Оның «Оян, қазағы» да, «Бақытсыз Жамалы» да Қызылжарда тұрған жылдарында жазылған, «Мағжанды да орысша алғаш оқытқан» деп жергілікті зерттеушілер жариялап, бәріміз насихаттап жүрміз. Кеше ғана 140 жылдығына арналған әдеби кеш те өткіздік. Жергілікті билік те шама-шарқынша ұлттың рухын көтеретін шаралар атқарып келеді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Жұмағали Тілеулин, Қажымұқан есімдері мектеп, колледждерге берілген. Биыл Мағжан орталығы да ашылды. Бас көшеміздің бойында Алаш арыстарымен қатар ақын, жазушы, ғалым жерлестеріміздің билбордтары ілінген. Басқа да ірілі-уақты шаруалар жетерлік. Әрине, бұрыннан жасалып, заңдастырылып қалған дүниелер де жоқ емес. Мысалы, осыдан 20 жылдай бұрын ең басты көшеміздің бойындағы бір үйдің қабырғасына қаланы 1906–1917 жылдары басқарған В.Черемисинов дегенге ескерткіш тақта қойылған. «Оу, ол патшаның отарлау саясатын жүргізген адам ғой, оны не үшін ұлықтап отырмыз» дегенге ешкім әлі күнге құлақ асқан емес. Сол сияқты Халтурин, Красин және т.б. большевиктік эпэрбақандар атында да бірсыпыра көше бар. Украинада, тіпті Ресейдің өзінде олардың аттары алынып тасталған. Интернационал, Коминтерн, Пионер, Партизан, Комсомол, т.б. көше атаулары да жас ұрпақты «бұл қалай?» дегізіп отыр. Әсіресе өңірімізге келген Аризонa университеті ғалымдары мен шетелдік қонақтар осындай ащы сұрақ қояды. Бірақ бір сәті туған уақытта олар да өзгерер деген үмітіміз бар.

Солтүстік Қазақстан облысы

КӨКЕЙКЕСТІ

Жетісуды большевизм елесі кезіп жүр

Жетісу өңірінде Лениннің ескерткішіне әлі де табынатындар бар. Социалистік идеяның көсемдері Карл Маркс пен Лениннің мүсіні ауыл-ауылдарда қасқайып тұр. Халық қанша шағым айтса да, жергілікті әкімдік мәселенің шешімін таппай отыр.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Әуелгі әңгімені Көксу ауданынан бастайық. Тарихы терең, табиғаты көркем, талай тұлғаны түлеткен қасиетті өлке бұл. Алайда осы өңірдің Мәмбет ауылына барған жұрт бір сәт уақыт кері айналып кеткендей әсер алады. Өйткені ауылдың қақ ортасында большевиктер көсемі Лениннің тас мүсіні сол күйінде тұр. Егемендік алғанына отыз жылдан асқан елдің төрінде кеңестік идеологияның символы қалқып тұруы тәуелсіздік талаптарымен қаншалықты үйлеседі?

Мәмбет – ынтымағы бекем ауыл. Бірақ кеңестік дәуірдің көлеңкесі іспетті ескерткіш ел еңсесін басып тұрғандай. Жаңаруға ұмтылған қоғамның қадамына қабыспайды. Уақыт өзгерді, сана өсті, тарихтың таразысына салатын кезеңге жеттік. Алайда ауылдың ортасында тұрған мүсін сол даулы дәуірдің белгісіндей қатып қалған.

Осы ретте Лабасы ауылдық округінің әкімі Тимур Кешуов болса, тұрғындардан шағым түспегенін алға тартады.

«Наразылық білдіргендер жоқ. Жұрт ортақ шешімге келсе, қарастырамыз», дейді әкім. Ал ауыл ақсақалдары бұл мәселені кешпейдуге емес, елдік санаға сай нақты шешім қабылдауды күп көреді. Ақсақалдар алқасының төрағасы Бақыт Уәлиев: «Рұқсат етілсе, оны өз күшімізбен-ақ алып тастаймыз. Шамамен 10 тонна болатын ауыр мүсін. Оған батылы бармай жүргендер бар, бірақ одан не өзгереді?», дейді қария.

Көксу жерінде Алаш арыстарының, ұлт азаттығы жолында күрескен тұлғалардың бейнесі асқақтауы керек емес пе? Тәуелсіздіктің қадірін арттырып, ұрпаққа үлгі болатын да – солардың тағылымы. Ленин мүсініне гүл қоюдан гөрі, Алаш рухын асқақтатқан ерлерді ұлықтау әлдеқайда маңызды. Бұл мәселеге орай Көксу ауданы әкімінің орынбасары Абзал Зейнұлда да пікір білдірді.

«Ресми өтініш түскен жоқ. Арамызда коммунист болып еңбек еткен ағалар бар, олардың еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Жыл сайын ескерткішке гүл қою дәстүрі де бар. Сондықтан бәрі өз уақытымен шешіледі», деді ол.

Сананың жаңаруы уақыттан қалыс қалмауға тиіс. Тарихтан сабақ алу маңызды. Сабақ алу үшін өткеннің ескерткішін сақтап отыру шарт емес. Ең бастысы – тәуелсіз елдің рухын биіктеу. Бұған дейін Мәмбет ауылындағы ескерткіш туралы қаншама әріптесіміз жазғанымен, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. «Ендігі үміт – «Egemen Qazaqstan» газетінде», дейді өңір тұрғындары.

Ал Қаратаал ауданының орталығы – Үштөбе қаласының дәл қақ төрінде де Ленин мен Маркс мүсіні қасқайып тұр. Бірі – бізді бодандықта ұстаған идеологияның көсемі, екіншісі – сол жүйенің рухани тірегі. Сонда біз Тәуелсіз елміз деп отырып, солардың тас мүсінін не үшін әлі күнге сақтап келеміз?

Үштөбе – жаңғырып, жаңаша тыныс алып келе жатқан қала. Ал дәл орталықта тұрған ескерткіштер өткеннің елесіндей, тәуелсіз санаға түскен салқын көлеңкедей әсер қалдырады. Халықты қынадай қырған кезеңнің көсемдерін ұлықтау – азаттық рухына қайшы. Біз, керісінше, азаттық жолында құрбан болған тұлғаларымызды ұлықтауға тиіспіз. Осы мәселеге байланысты Қаратаал ауданы әкімінің орынбасары Айбек Оңғаров былай деді:

«Ол екі мүсін саябақ аумағында орналасқан. Саябаққа жөндеу жұмысы жүргізілген кезде ескерткіштер міндетті түрде алынып тасталады. Арнайы техника жұмылдырылады».

Демек мәселе күн тәртібінде тұрған тәрізді. Ендігісі – уәденің іс жүзінде орындалуы. Өйткені тәуелсіз елдің болашағы өз болмысын дәріптегенде ғана жарқын болады.

Ендеше, Алаш арыстарының күрескерлік жолын насихаттап, өмір сүруіміз керек. Үштөбенің төрінде елге адал қызмет еткен тұлғаларымыздың бейнесі асқақтауға тиіс.

Лениннің мүсіні – тас бейне емес, қоғамның қандай жолға түсетінінің белгісі. Егер бұл қала әділетті қоғам құруды шын ниетімен қаласа, өткінші идеологияның мүсінінен арылып, қазақтың ардақтыларын ұлықтауға қадам басатын кез келді. Болашақ ұрпаққа үлгі болатын да, шаһардың келбетін айқындайтын да – өз батырлары мен өз тарихын құрметтеген елдің таңдауы.

Қаншама Алаш арысын жау көріп, қанға бояған, қазақ даласының тең жартысына жуығын ашаршылық пен қуғын-сүргіннің құрбанына айналдырған большевизмнің елесі Жетісуда жүр. Ескелді ауданына қарасты Бақтыбай ауылында «Большевик» деп аталған сыра дүкені бар. Қасқайып тұрған атау аздай, сыртына КСРО-ның балғасы мен орағын іліп қойыпты. Іші тұтас қызыл түспен көмкерілген, төрінде коммунистік символдар самсап тұр. Мәселенің байыбына білмек болып дүкен иесімен тілдесуге барғанымызда, әлгі азамат ашулы кейіппен қарсы алды. Өзін толық таныстырғысы келмеді, бірақ телефонын көлденең ұстап, видеоға түсіре бастады. Кімді қорқытып, нені дәлелдемек – белгісіз. Үнемі келіп мазасын алған қоғам белсенділерінен мезі болған шығар? Өйтеуір, ашулы күйге бой алдырып, бейәдеп сөздерді де айтып қалды.

Жарайды делік, жүйкесі жұқарған болар. Оның үстіне ол азамат өз құқығын айтып тау-сылмады: демократиялық елде кімнің қандай дүкен ашуға еркі бар екенін жақсы біледі. Бұл рас, оның құқығын ешкім шектемейді. Бірақ мұндай еркіндік айналаға құрметпен ұштасуға тиіс. Қазақтың талай жарасын тырнап кеткен идеологияның символын ауылдың дәл ортасына ілу – тарихтың салмағын еле-меу ғана емес, жергілікті жұрттың сезіміне де селқос қарау.

Ауыл әкімі Айдос Қасиев бұл дүкен туралы хабардар екенін айтты. Кәсіпкерді басқа жерге көшіруге әрекет еткендерін де сөз етті. Иесі қарсы емес көрінеді, бірақ сауда нүктесі орталықта болуға тиіс деген уәж айтады. Егер орталықтан орын табылса, ғимарат салуға да мүмкіндігі бар екен. Тек дүкеннің атауы қалай болмақ? Ол жағы белгісіз. Өйткені дүкен иесі ашулы күйінде нақты ойын айтудан тар-тыншыпты.

Біз кәсіпкердің нәпақасына кедергі келтіруді көздемейміз. Бірақ атауының өзі адамды шошытатын нысанға қоғамның үрке қарайтыны – ақиқат. Бұл пікірді біз сөйлескен жиырмаға жуық тұрғын толығымен құптады. Мәселен, Марат Батабаев арақ-шарап сататын нысанның мешіттің іргесінде тұруы мүлде орынсыз деп санайды. Ауыл белсенділері де бұған дейін дүкен иесіне сабырмен, бейбіт түрде басқа жерге көшіру қажеттігін түсіндірген. Бірақ нәтиже жоқ.

«Большевизм – қазаққа жақсылық әкелмеген идеология. Атаудың орнын басар қазақы, көңілге қонымды атау жетеді ғой. Ауылдағы өзге ұлт өкілдерінің өзі дүкенін қазақша атайды, ал біз неге қайырымсыз қоғамның нышанымен қоштасқымыз келмейді?» дейді ауыл тұрғыны Алдаш Сейділханұлы.

Қазаққа теңдік емес, қасірет сыйлаған әріде большевиктер, беріде коммунистер ұстанымы тәуелсіз елдің ұлттық идеологиясымен үйлеспейтіні айқын. Жетісу облысында идеологияның тізгінін ұстағандардың осыны түсінбейтіні қынжылтады. Әлде олар Президенттің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» туралы маңызды құжаттан бей-хабар болғаны ма?

Жетісу облысы



ОТАН ДЕП ОРАЛҒАНДАР

Елге ел қосылса – құт

1<

–Қандастар отбасымен 5 жыл мерзімге әлеуметтік келісімшарт жасалады. Осы шарт негізінде, мәселен, 5 балалы отбасы көшіп келсе, 3,2 млн теңгенің шамасында қаржылай көмек алады. Мұның сыртында, баспана сатып алуға үй құнының 50 пайызы мөлшерінде экономикалық ұтқырлық сертификаты беріледі. Қалғанын өздері төлейді. Алайда сатып алынатын пәтердің жарты құны 1 160 АЕК-тен аспау керек. Биыл квотаға енген 150 адамның 22-сі осы сертификат бойынша баспаналы болды. Мысалы, үш отбасы Қостанай қаласынан пәтер сатып алды. Экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша 22 отбасы (86 адам) жекеменшік үй сатып алды. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында біздің басқарманың сайтына ақпараттық паспорттар, елді мекендердің картасы, облысқа қарасты аудандар мен қалалар туралы дерек орналастырылған, – дейді бас маман.

Былыр, биыл көшіп келген қандастармен де тілдесіп көрдік. Мысалы, Қостанай қаласының тұрғыны, зейнеткер Нұрзия Әлімова өткен жылы Санкт-Петербург қаласынан қоныс аударып келген. Айтуынша, мемлекет көшіп келуге 275 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсеткен.

– Қостанай қаласындағы мансап орталығының мамандарына мың да бір алғыс. Сол қыздар білмегенімді түсіндіріп, құқықтық-ақпараттық тұрғыдан көп көмек берді. Санкт-Петербургтегі пәтерім сатылды. Енді Қостанайдан үй алам ба деген ниетім бар. Бұрын баспана сатып алуға материалдық көмек берілген дейді. Бірақ өз басым ондай көмек алған жоқпын. Онсыз да барынша көмек көрсетіп жатыр, бұйырғаны – осы. Мемлекеттің мойнында басқа да әлеуметтік міндеттер көп қой, сондықтан пәтерді өз ақшама сатып алайын деп отырмын. Оған жағдайым жетеді, – дейді Н.Әлімова.

Алыстан келген ағайынның бірден үй сатып алатын жағдайы жоқ. Бастапқыда көбі пәтер жалдап тұрады. Мемлекет мұны да ескеріп, үй жалдайтындарға субсидия тағайындаған.

Өңірде әрбір қала, әрбір аудан орталығында жаңа қоныс аударған немесе көшіп келетін ниеті бар қандастарға жан-жақты көмек көрсететін мансап орталықтары, оның бөлімдері жұмыс істеп тұр. Қостанай қаласындағы мансап орталығының басшысы Эльмира Есмағанбетованың айтуынша, биыл облыс орталығына квота бойынша 14 отбасы (27 адам) қандас қоныс аударған. Оның ішінде 3 адам (1 отбасы) экономикалық ұтқырлық сертификатын алған.

– Биыл Қостанай қаласына Ресейден – 5, Өзбекстаннан 9 отбасы көшіп келді. Олардың ішінен еңбекке қабілетті 8 адамды «Group» серіктестігіне, «СарыарқаАвтоПром» зауытына, мектептерге, мүгедектер мен қарттарға қызмет көрсететін



Қолдағы жасап – Зәуреш СМІГҮЛ, «Ер»

орталыққа жұмысқа орналастырдық. Қандастардың көшіп келуіне 7 156 240 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. Қазірше жеке баспанасы жоқ отбасылар өздері жалдап тұрып жатқан пәтердің ақысын төлеу үшін де ай сайын мемлекеттен қаржылай көмек алады. Мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, кәсіп ашып жатқандар да бар, – дейді Э.Есмағанбетова.

Мемлекеттің қолдауымен кәсіпкерлікке бет бұрып жатқандардың бірі – Түрікменстаннан қоныс аударған Күміс есімді қандас. Күміс биыл 1 572 800 теңге қайтарымсыз грант алып, наубайхана ашып алған. Мұның сыртында, түрлі кулинарлық өнімдерді пісіріп сатады.

Жоғарыда бүгінге дейін облысқа 37 мыңдай қандас қоныс аударғанын айттық. Соның тең жартысы Өзбекстанның кенді өңірлерінен келген. Дені кен өнеркәсібі дамыған Рудный қаласына шоғырланған. Бұрынғы жылдары қандастарға жыл сайын облысқа 500-дей, ал Рудныйға кем дегенде 200 квота бөлінетін. Өкінішке қарай, квота саны жыл санап азайып барады. Тіпті Рудный қаласының әкімдігі жұмыс орындары мен баспана тапшылығын, алыстан жеткен ағайынның арасында жоғары білікті мамандардың жоқтығын желеу етіп қандастарды қабылдағысы келмейтіндей көрінеді.

Әрине, қала басшылығына ең әуелі тынымштық керек. Ал қалың қандасқа артында қаулап өсіп келе жатқан кейінгі ұрпақтың тәрбиелеп отырған бала-шағасының келешегі маңызды. Сондықтан балам жат жерде жүргендей

Қазақстан азаматтығын алғандар (Қостанай облысы. 2025 жылдың қаңтар-қазан айы)				
Жалпы саны	Шетелдік	Қандастар		
648	153	495		
		Келген жері		
		Өзбекстан	Түрікменстан	Моңғолия
		378	107	1
		Ресей		
		9		

Қандастардың пәтеракысына берілетін субсидия көлемі (2025 жыл)			
Адам саны	АЕК мөлшері (3932)	Айлық мөлшері (теңге)	Жылдық мөлшері (теңге)
қалада			
1 адам	20	78 640	943 680
2-ден-4 адамға дейін	25	98 300	1 179 600
5 және одан көп адам	30	117 960	1 415 520
ауылда			
1 адам	15	58 980	707 760
2-ден-4 адамға дейін	18	70 776	849 312
5 және одан көп адам	21	82 572	990 864

өзін өгей сезінбесін деген ниетпен ескі атауларға сіресіп тұрған қала көшелерін жастарға түсінікті, балаларға өнеге болатындай елге еңбегі сіңген лайықты тұлғаның есімімен атағысы келеді. Ал байырғы тұрғындар одан ат-тонын ала қашады. Бұл жағдай ұйқысын қашырып, мазасын кетіре берген соң, қала басшылығы қандастар квотасын азайтуды жөн көрген сыңайлы.

Одан кейін айтпауға болмайтын тағы бір мәселе, Рудныйдың кейбір байырғы тұрғындары қандастарды өздерінен төмен санайтынын көрсетіп қояды. Өйткені байырғы тұрғындардың жағдайы бар, тұрмысы жақсы. Біреуінің өз автомектебі бар, біреуі «Горняк» кешенін басқарады әрі депутат, көбі

мемлекеттің қолдауымен кәсіп ашып, мол табысқа кенеліп отыр. Сөйте тұра, мемлекеттің саясатына қайшы қылық көрсетіп, қандастарға қоқандайтыны бар. Бұл ең әуелі Рудныйда идеология жұмысының ақсап тұрғанын көрсетеді.

Жалпы, Рудныйда этностық құрамның өзгеруі, көпші-қон үдерісінің үдеуі тәрізді жағдай жайбарақат, қалыпты, тыныш өтетін құбылыс емес. Мұндай жағдайда әлеуметтік қайшылықтың болуы – заңдылық. Бұл – тарихтан белгілі нәрсе. Сондықтан қала басшылығы квотаны азайтуды қоя тұрып, қандастарды өзекке теппей, тұрғындар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті, тілдік кедергіні жоюды қолға алып, этносаралық ынтымақты нығайту жағын, қандастарды

Көш көлікті болсын десек...

Солтүстік Қазақстан облысына биыл 1 928 адамды қамтыған 499 отбасыдан тұратын қандас пен қоныс аударушы көшіп келген. Соның 155-і – қандастар. Бұл бытырғымен салыстырғанда аз. Өткен жылы жалпы 2 547 адам көшіп келген еді. Биыл осы көрсеткіш 619 адамға азайып отыр.

Жақсыбай САМПАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Екі жыл қатарынан болған су тасқыны да көшке кедергі келтірген сияқты. Өйткені жергілікті билік қаражатты алдымен тасқыннан азап шеккендерге бөлді. Оның үстіне қоныс аударушылар да су басып жатқан өңірге келуге бейіл бола қоймайды.

2023 жылдан бері Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған көпші-қон саясатының тұжырымдамасындағы» жеке тұлғаларға экономикалық ұтқырлық сертификатын ұсыну тетіктері ішкі қоныс аударушылар үшін қайта қаралды. Экономикалық ұтқырлық сертификатының елдің жұмыс күші тапшы өңірлеріне көпшісі келетіндерге үй сатып алу, салу үшін 50% ақшалай өтемақы беруге немесе жұмыс беруші растаған жұмыс орны болған жағдайда бастапқы

капитал ретінде пайдалануға құқық береді. Сертификат сомасы 4 млн теңгеден аспайтын мөлшерде есептелеген. Бұл қаржы тікелей қоныс аударушыға немесе қандасқа беріледі. Сертификат оларға солтүстік аймақтарда өз бетінше баспана таңдауға мүмкіндік береді. Ал алдымыздағы жылы бұл сома 6,5 млн теңгеге дейін артпақ.

Биыл Солтүстік Қазақстанда 109 отбасы экономикалық ұтқырлық сертификатына ие болды. Сонымен қатар қоныс аударушылар көшуге арналған материалдық үстемеақыны түтел алды, жалға тұрып жатқан үйі үшін де өтініш бойынша үстемеақымен қамтылды.

Қоныс аударушыларға баспана жағы ғана емес, басқа да қолдау түрлері қарастырылған. Қазір көшіп келуші отбасының әрбір мүшесіне мемлекет тарапынан 275 240 теңге (70 АЕК) субсидиялық көмек беріледі. Отбасы мүшелері 5 адам болса 1,5 млн теңгеге жуық көмек алады.

Бұл – көшіп келу шығыны еселеп жабылады деген сөз. Тұрғын үйді жалға алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге қалады жерлер үшін 20–30 АЕК, яғни 117,9 мың теңгеге дейін, ал ауылды жерлер үшін 15–21 АЕК, яғни 82,5 мың теңгеге дейін жәрдемақы беріледі. Сондай-ақ фермерлік және шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер учаскелері де 5 жылға беріледі. Алайда кепілдендірілген жұмыс орны деген көбіне бос сөз болып қалады, өйткені өңірде қызып өте төмен, жұмысы ауыр жерлерге қоныс аударушылар бара бермейді. Ал «Бизнес бастау» бағдарламасы бойынша бизнесі дамытуға 1,5 млн теңге алуға болады.

Өткенде көпші-қон мәселесі Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов қатысқан жиында талқыланды. Онда көшіп келушілермен қатар облыс аумағынан көшіп кетушілердің де азаймай отырғаны сөз болды. Мысалы, кейінгі он жылда облыстан 44 мың адам көшіп кеткен екен. Осы отырыста облыс әкімінің орынбасары Қанат Дүзелбаев «Көпші-қон сальдосы 56 мың адамға кеміді. Оның ішінде: сыртқы көпші-қон сальдосы – 24 мың, ал ішкі көпші-қон 32 мың адамға азайды», деді.



qaz-media.kz

Жағдай өзгермесе, 2050 жылға қарай облыстағы халық саны 30 пайызға дейін кемуі мүмкін. Осы жиында оңтүстіктен солтүстікке көшу бағдарламасы ойдағыдай нәтиже бермей отырғаны ашық айтылды. Тіпті көшіп келемін деп, кейбір жәрдемақы алғандар артынан ізім-қайым жоғалып, олардан алған ақшаны сот арқылы өндіру қосымша жұмысқа айналып отырған көрінеді. «Серпін» сияқты бағдарламалар да көздеген нәтижені бермей отыр. 2014 жылы осы бағдарлама қолға алынғаннан бері М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан

университетіне 1 400-ге жуық студент қабылданды. Соның 1 373-і бітіріп, мамандық алып шыққан. Бытырғы мәлімет бойынша университетті бітіріп, диплом алғандардың өңірде қалғаны 30 пайызға жетпейді. Тығыс қорытындысында Е.Тоғжанов өңірдің билік өкілдеріне батыстағы аймақтармен де етене жақын жұмыс істеуді ұсынды.

Кейінгі мәліметтерге қарағанда, биылғы көшіп келгендердің жұмысқа қабілеттілері – 667 адам. Оның ішінде 182-сі жұмыспен қамтылды, 13-і

кәсіпкерлікке, жұмысқа тарту, жастарға жоғарғы білім беру мәселесін реттеу жағын ойластырса игі.

Рудныйдағы қандастардың жағдайын талай жыл «Егеменнің» Қостанай облысындағы меншікті тілшісі болған, кейін төрт жылдай «Отандастар» қорында қызмет еткен Нәзира Жәрімбетовадан артық білетін ешкім жоқ.

– Біріншіден, қандастар Рудныйда тілдік орта қалыптастырды. Мысалы, Рудныйда қазір аузы-мұрнынан шығып тұрған 3-4 мектеп бар. Жақында 900 орындық тағы бір мектеп салынды. «Отандастар» қорының жұмысымен Рудныйға жиі барып тұрдым. Өйткені келгендердің 90 пайызы – негізінен Өзбекстандықтар, сол жерге барды. Көшеден 3 адам кездессе, соның екеуі қазақша сөйлеп бара жатады. Яғни тілдік орта жасады. Мектепте бәрі қазақ тілінде оқып жатыр. Қандай керемет! Ертең оның бәрі қазақтілді азамат, қазақтілді маман болып шығады. Екіншіден, келіп жатқандардың дені – еңбекке қабілетті жастар. Бірақ жоғарғы білімділері өте аз. Бұл өңірде жоғарғы білім алуға мүмкіндік мол. Қандастар – негізінен жұмысшы мамандар. Бәрі – жастар. Бір отбасында жоқ дегенде екі баладан бар. Көбі – 5–6 балалы отбасылар. Бұл бізге өте тиімді. Үшіншіден, Өзбекстаннан келіп жатқан жігіттердің 70–80 пайызы – кеншілер. Әйелдердің көбі – кеніш зертханаларында жұмыс істеген лаборанттар. Төртіншіден, қандастардың көбі егі тірі, алғыр, табанды, еңбекқор, бесаспап болып келеді. Олар келген соң жұмысқа тұрмайынша бір жыл бойы азаматтық ала алмайды ғой. Сол аралықта сантехник те, электрик те болып кетеді. Кейінгі екі жыл ішінде, өкінішке қарай, қандастар Рудныйға шоғырлана бермей, ауылға барсын деген шықты. 2023 жылдары қандастарға берілетін 500 квотаның 200-і Рудныйға беріледі. Қалғандарына ауданға, ауылға барындар дейді. Олар, біріншіден, негізінен кеңде істеген адамдар. Көбі Зарафшан, Үшқұдықтан келген. Екіншіден, қазір урбанизация әлі тоқтаған жоқ. Ауыл халқы мүмкіндігі жетсе, қазірге дейін қаладан үй сатып алып жатыр. Ал қандастар неге ауылға бару керек? Олардың көбі кеншілер, мал ұстап көрмеген. Қазір қалаға, керісінше, шетелдіктер қаптап жатыр. Оларға орын табылғанда, қаладан қандастарға неге орын табылмайды? – дейді Н.Жәрімбетова.

Қалай десек те, кейінгі жылдары Қостанай өңіріне қоныстанып жатқан қандастардың көбі – мал шаруашылығына қыры жоқ болғанымен, кен саласында әмбебап келетін Өзбекстанның қазақтары. Оларды ауылға жібергеннің өзінде көбі бір-екі жылдан кейін қалаға қайтып көшіп келіп алады. Сондықтан қандастарға кедергі жасамай, керісінше, олардың Рудныйға келіп орнығуын оңтайландыру мәселесін мықтап қолға алған жөн.

Қостанай облысы


жеке кәсіппен айналысады, 19-ы – студент, 8-і – зейнеткер, 48-і – бала күтімімен, біреуі – әскерде, 29-ы – бір ауданнан екінші ауданға көшкендер, 367 адам жұмыс қарастыруда және мемлекеттік грантқа құжат жинап жатыр екен.

Көпші-қонды жандандыруға талапанып жүрген белсенді азаматтар баршылық. Соның ішінде «Терістік бізге аманат!» деген ұран көтеріп жүрген «Тәуекел» ұйымының басшысы Бурахан Дахановты қазір республика халқы жақсы біліп алды. Биыл ол жергілікті биліктен көпші-қон жұмысын жүргізуге арналған 5 млн теңгенің грантын ұтып алған. Соның арқасында жұмысын белсенді жүргізіп келеді. Оңтүстік, Батыс өңірдің талай түкпірлеріне барып, өзінің көмекшілерімен бірге отбасыларды Солтүстікке көшуге үгіттеп жүр. Талай қазақ ауылдарына көшіп келген көпбалалы отбасыларды қоныстандырып, мектептердің жабылып қалмауына да жәрдемдесіп жатыр. Тұрғындар оның еңбегіне дән риза. Міне, Солтүстіктегі көпші-қон ахуалы қысқаша айтқанда осындай.

Солтүстік Қазақстан облысы

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Азаттықты аңсаған жастар



1941 жылдың қараша айының ортасында кеңес одағын дүр сілкіндірген төтенше оқиға болды. КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы Михаил Иванович Калининнің атына жазылған бір парақ хат алып империяның шаңырағын шайқалтып жібере жаздады. Сол күннен бастап мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін орган — КСРО Ішкі істер халық комиссариаты (атышулы НКВД) қызметкерлерінің ұйқысы қашып, қазақ даласында құрылған астыртын ұйымды шам алып іздеуге кірісті.

Қанат БІРЛІҚҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

1941 жылдың қараша айы. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталғанына небәрі бес ай уақыт өткен. Бұл күндері майданда қан кешкен Қызыл армия Германия әскеріне төтеп бере алмай кері шегініп жатқан-ды. Майдан даласындағы өндіріс орындарын Қазақстанға көшіру жұмысы да қарқын алды. Сондай күрделі кезеңде КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасына ультиматум қойып, алқымынан алған хаттың келуі империя басшыларын шошытты.

Хат қолмен жазылған. Астына «ГАКСИМ» деген лақап ат қойылған. Тағы бір таңғаларлығы, хат 1941 жылдың 7 қарашасы күні жолданған. Бұл коммунистік қоғам үшін аса қасиетті күн, өйткені 1917 жылы осы 7 қарашада Санкт-Петербургте Уақытша үкімет құлатылып, билік басына большевиктер келген еді.

Арада 24 жыл өткенде, дәл 7 қарашада атышулы ГАКСИМ атынан хат жазған кімдер? Хат мәтінінде не айтылады? Ол хат кеңес одағын асқа алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Сталин мен Калининді неге қорқытты?

Алдымен хат мәтінімен танысалық. «КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы Михаил Иванович Калинин жолдасқа қазақ халқынан достық сәлем!

Біз «Қазақ халқының қорғаушылар одағы» ұйымының мүшелері қазақ ұлтының атынан осы хатты жолдай отырып, мынадай талап-тілектерімізді білдіреміз:

Қазақ халқы КСРО Конституциясына сәйкес дербес қазақ мемлекеті болып бөлінгісі келеді. Оның себебі, орыстандыру саясатына байланысты қазақ тілі, қазақ халқының мәдениеті мен халықтың құқығы аяққа басылды. Қазақтар қазір құл сияқты тұрып жатыр. Күні-күні жұмыс жасайды. Өнімді (еңбектің қайтарымы) аз алады. Оны да мемлекетке береді. Киінуге түк те қалмайды.

Қазақ халқының орыстардан бөлінуін сұраймыз. Егер бұл талаптарымыз орындалмаса, халық отанның дербестігін

амалсыздан қолына мылтық алып қорғауға шығады.

Жауапты осы жылдың 1 желтоқсаны күні «Правда» газеті мен радиодан күтеміз.

ГАКСИМ 7\11 - 41 жыл». НКВД қызметкерлері хатты кімдердің жазғанын анықтап үлгермей жатып, Батыс Қазақстан облысының аудандарында мемлекетке қарсы ұнпарақтардың таратылғаны туралы факті тіркелді. Ұнпарақтағы мәтін де отарлаушы кеңес билігіне қарсы қарулы көтеріліс жасауға үндейді.

«Қазақтың ұлдарына «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» атынан сөз арнаймыз. Біз «Қазақ халқын қорғаушылар ұйымы» қазақ жастарын, өзіміздің Отанымыз үшін, қазақтардың тәуелсіздігі үшін, оның тілі мен мәдениеті үшін қалың қазақ жұртын күресуге шақырып отырмыз. «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» осы мақсатта халықты бастауға бел буып отыр және бастай да бермек. Бірақ та қазақ халқын КСРО-дан бөлету одақтың күші жеткіліксіз. Оның үстіне кеңес өкіметі және оның басшылары конституцияда көрсетілсе де, біздің кең байтақ даламыз бен бай республикамызды бөлек шығаруға қарсы және бөлмейді де. Сол үшін қазақ халқы өзінің Отаны, дербестігі, мәдениеті, тілі үшін қолдарына қару алып күреске шығуы керек. Тарих басқалай күрес жолын білмейді. Әрбір халыққа өз Отаны, дербестігі, өздеріне ыстық мәдениеті мен тілі керек. Ұлттық күрес осыдан туындайды. Қазіргі кездегі КСРО-дағы қазақ, өзбек, башқұрт, татар, қырғыз, армян және басқа аз ұлттар орыстандыру саясатына ұшырап, өздерінің ұлттық бет-бейнесін жоғалта бастады. Аталған халықтардың өкілдері де өз отаны үшін күреске әзір. Біз, аз ұлттар, ұлы майданға қосылып қарсы тұруымыз керек. Ол үшін біз бастауға тиіспіз.

Қазақ Ұлдары! Өз Отаныңыз бен дербестігіңіз үшін бүгінгі күннен бастап қарулы күреске жұмылыңыздар!».

«Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы ұнпарақтарды баспадан басып шығарған. Ұйым баспаханада әріп теруші болып қызмет ететін Мәззал

Әлиевтің көмегімен өздерінің астыртын баспаларын жасақтаған. Жасырын баспадан ұнпарақтарды ғана емес, ұйымның мүшелік билеттерін де шығарып, ұйым мүшелеріне таратып берген. Ұнпарақ таратушылар мәтін соңында Кеңесары мен Наурызбайдың, Исатай мен Махамбеттің, Амангелді мен Бекболаттардың аруағын шақырып, қазақ ұлтын рухтандырмақ болған. Әр ұнпарақ соңында «Ұлттардың бостандығы жасасын», «Қазақ халқы жасасын», «Қазақтың жеңімпаз перзенттері – батырлары жасасын», «Қазақ батырларының Отаны жасасын», «Отан үшін алға! Күреске шық» деген сияқты ұрандар көтерілген.

Кеңес одағы басшыларына ГАКСИМ-нен келген хат пен Батыс Қазақстанда тараған ұнпарақтар ауыр соққы болып тиді. Майдан даласында онсыз да жеңіліп жатқан мемлекет іштен бүліне, кеңес одағы біржола құлап, ыдырайтыны анық еді. Сондықтан да, Сталин мен Калинин бастаған КСРО басшылығы бұл ұрандардың батыл үні одақтас республикаларға тарамай тұрып, «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымын тез арада тауып, ұйым мүшелерін қатаң жазалауды тапсырды.

Арада бақандай бес ай өткеннен соң, 1942 жылдың 1 сәуірі күні Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қарулы көтеріліс жасамақ болған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымын анықтады. Көтерілісшілер соғысқа алынып, майданға аттанып бара жатқан қазақ жастарының күшін пайдаланып, жергілікті өкіметке соққы бермек болған.

Артынша, кеңес одағына қарсы астыртын ұйымның ұясы Батыс Қазақстан облысының Фурманов, яғни қазіргі Жалпақтал ауданында орналасқаны белгілі болды. «ГАКСИМ» дегеннің мәні екі адамның аты-жөндерінің бас әріптері (Ғұбайдулла Әнесұлы Көшекөв, Сатқали Иманғалиұлы Молдағалиев) болып шықты. Астыртын ұйым мүшелері толықтай әшкере болғанша, ауданның соғысқа адам алу ісі тоқтатылды. Сол аралықта НКВД тергеушілері аталған астыртын ұйымға Құлбасов деген бүркеншік атпен тыңшысын мүше етіп үлгерді. Ол «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы мүшелерінің сеніміне кіріп, тіпті Жымпиты ауданында қарулы көтерілісті ұйымдастыру жұмысына бекітілді. «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы Батыс Қазақстандағы коммунистік билікті құлатудың нақты жоспарын әзірлеген.

Олар «Географиялық карта – көтеріліс бағдаршасы» атты құжат қабылдап, карта арқылы әр ауданға жауапты адамдарды бекіткен. Сол картада көрсетілген сызбамен көтерілістің қалай басталатыны, қай бағытқа қозғалып, өзге аудандағы күштермен қалай қосылатыны көрсетілген. Сондай-ақ ұйым басшысы көтеріліс басталатын күнді аудандарға «Менің үйлену тойым 05.04.1942 жылы болады» деген жеделхатпен хабарлайтыны, ал аудандардан да осындай өңі өзгертілген мағынада жауап келетіні белгіленген.

Астыртын ұйымның үлкен ауқымда көтеріліс жасап, коммунистік жүйені құлатуы үшін қаржы ауадай қажет еді. «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы Фурманов аудандық банк бөлімшесін тонауды дұрыс деп шешеді. Банк тонаудың да жоспары бекітіледі.

Ұйым мүшелері банк тонауға ұйым жетекшісі қатыспауы керек деген шешімге келген. Басшының өмірін қатерге тікпеу астыртын ұйымның тұмырын ұзарту үшін керек болған. Яғни тонаушылар қолға түссе де, «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы жұмысын тоқтатпауға тиіс деген шешім қабылданған. Банк тонаушылар алдымен телефон желісін үзіп, банктің сыртпен байланысын шектеп тастайды. Сосын, қолға түсірген қаржыны көтеріліс басталғанша жер астына көміп тастау ұйғарылады.

Құлбасов деген бүркеншік атпен «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымына мүше болған жансыз азуақытта ұйымның мүшелерін мемлекеттік қауіпсіздік органы қызметкерлеріне анықтап берді. КСРО Ішкі істер халық комиссариаты қызметкерлері ұйым мүшелерін шетінен тұтқындауды бастады. Астыртын ұйымға мүше болған 14 азамат темір торға тоғытылды.

1941 жылдың 21 желтоқсаны күні НКВД қызметкерлері «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының жетекшісі Ғұбайдулла Әнесұлы Көшекөвті (кей құжаттарда Ғұбайдулла Әнесов) таңғы сағат бесте үйінде ұйықтап жатқан жерінен қолға түсірді. Кеңес одағы басшыларын күндіз күлкі, түнде ұйқысынан айырған астыртын ұйымды құрған адам бар болғаны 18 жастағы бозбала болатын. Әрине, сену қиын. Жас жігіттің алып империяға қарсы майдан ашуға бекінуі көзсіз батырлық па, жоқ әлде басқа да астары бар ма?

Тергеу барысында Ғұбайдулла Көшекөв қана емес, астыртын ұйымға

мүше болғандардың көбінің жасы жиырмаға да толмаған бозбалалар екені анықталды. Бұл жасөспірімдер кімдер? Олардың артында кімдер тұр? Кеңес одағының басшыларына талап қою идеясы қайдан шықты? 1936–1937 жылдардағы репрессия кезінде қазақтың бас көтерер зиялыларының көзі түгелдей жойылған жоқ па еді? Жойылмапты. Тергеуге берілген жауаптардан Ғұбайдулла Көшекөвтің саяси білігінің жетілуіне Фурманов аудандық атқару комитетінің іс жүргізушісі Сатымов атты туысының ықпал еткенін аңғаруға болады. Бірақ Сатымов құрт ауруына шаалдығып, 1936 жылы Ғұбайдулланың 14 жасында көз жұмған. Тергеу кезінде Ғұбайдулла Көшекөв өзінің саяси білімінің қаншалық терең екенін байқағты. Ол тергеушілерге қазақ халқының дербес ел ретінде азаттық алуы керектігін дәлелдеумен болды. Өзінің ісін қылмыс деп танымайтынын, бұрынғы батыр бабалары секілді ұлты үшін күрес жүргізбек екенін айтты.

Тергеу ісі өте қарқынды жүрді. Астыртын ұйымның мүшесі болған 14 адамның (Ғұбайдулла Көшекөв бастаған Сейітқали Бажекенов, Сатқали Молдағалиев, Ғұмар Тұрымов, Сейдolla Шорабоев, Мұхамбетжан Нұралин, Исали Мұхамбетқалиев, Маззал Әлиев, Мәннан Ахметов, Қамал Мақұлбаев, Сундетқали Қаражанов, Өтеген Аманов, Қайырғали Сапаралин, Иманғали Насыров) барлығы дерлік қамалды. Ғұбайдулла Көшекөв ату жазасына кесіліп, Сатқали Молдағалиев пен Ғұмар Тұрымов – 10 жылға, қалғандары – 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Осылай қазақ ұлтының азаттығы үшін күрес жолын таңдаған оғандардың армандары күйреді.

Бүгінгі бұқара «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы мен оның мүшелері хақында толық құлағдар емес. Бұл ұйым туралы осы мақалада деректерін пайдаланған Амангелді Шахиннің «Қорғаймын!» деп қазақты...» атты кітабы мен бірлі-жарым мақаладан өзге мардымды ақпарат та жоқ. Бізді жиырма жасқа толмай жатып, ұлт-азаттығы жолында шейіт кеткен Ғұбайдулла Көшекөв бастаған тәуекелшіл жастардың ерлігін халық жадында қалдыру ісі де кенжелеп келе жатқаны өкіндіреді. Әлі де болса, бұқараның бостандығы үшін күреске шыққан жастарды ұлықтап, ұлттың қаһармандары ретінде дәріптеуге кеш емес деп ойлаймыз.

ЖӘДІГЕР

Ғабдолдың майданнан жолдаған хаты

Миллиондарды майдан даласында қалдырған Екінші дүниежүзілік соғыстың өшпес даңқы ұмытылмайды. Мұнайлы өңірдегі музейлерде сұрапыл соғыстың ауырталығынан сыр шертетін сандаған жәдігер сақтаулы тұр.

Жолдасбек
КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Құрманғазы аудандық музейінің мәліметіне сүйенсек, құнды жәдігердің қатарында қазақ жауынгері Ғабдол Сахтауовтың майданнан жазған үшбу хаты бар. Ол 1902 жылы осы аудандағы Қошалақ аталатын мекенде дүниеге келген екен.

Ал 25 жасында жергілікті тұрғындардың сауатын жетілдіру мақсатында мектеп ашу ісін қолға алды. Бір жылдан кейін өзі туып-өскен ауылдағы бастауыш мектепте балаларды оқытуды бастаған. Тұрғындар бұл білім ордасын «Ғабдол мектебі» атапты.

1942 жылдың басында майданға аттанған. Сол кезде Ғабдол Сахтауов 40 жаста болған. Ал 1943 жылдың қазан айында


Сталинград түбіндегі шайқастан соң хабар-ошарсыз кеткен.

«Музейде Ғабдол Сахтауовтың 1942 жылдың 24 ақпанында отбасына жазған хаты сақталған. Үшбұрышты хатында әйелі Зейнептің, балалары Ғабитжан мен Маһираның, қарындасы Нәбияның есімі аталады. Хатын «Сіздерге аман жүргенімді білдіріп, жалынды, көп-көп сағынышты сәлемімді жолдаймын», деген сөйлеммен бастаған», деп хабарлады аудандық музей қызметкері.

Хабар-ошарсыз кеткен боздақтың хатындағы дерекке қарағанда, соғысқа шақырылғандар Ақтөбеге 21 ақпанда жеткен. Ал 22 ақпанның кешінде Илеңк

деген селоға, 23 ақпан күні одан 25 шақырым қашықтағы Григорьевкада орналасқан штабқа келген.

«Содан 109 кісіден 8 адам – Байтігісов, Шадиаров, Мұхамбетов, Исағалиев Лут, Насихан, тағы басқалар миномет батальонына бөлініп, «Казан» деген селоға келді. Ойынға кіріскелі жатырмыз. Гурьевтен 104 адам 300-ден астам атпен кетіп едік. Тамақ жағы қымбат, астық 150-170 сом, шай сияқтылар жоқ. Темекі 25–30 сом, оған да жоқ. Реті болса, 4–5 темекі, тәуірінен, 3–4 одеколон, иіс сабын жіберіп қараңыз», делінген хабарсыз кеткен боздақтың хатында.



Ғабдол Сахтауов майданнан жолдаған хатын әйелі Зейнеп ұзақ жыл сақтаған. Кейін Құрманғазы аудандық музейінің қорына тапсырылған.

«Нұржанова Заидаға аудандық оқу бөлімінен 375 сом ақшамды алып, үйге бер деп документімді бергем. Қаналиев барды ма? Елде кім бар, кім кетті?

Алдағы уақытта хат жазармын. Елдегі мені сұрағанға көп-көп сәлем. Көргенше күн жақсы болсын. Қош-қош. Сахтауов Ғ. Адрес: Чкаловская область, Акбулакский р-н, пос. «Казана» Сахтауов Г. десендер келеді», деп аяқтапты хатын.

Атырау облысы

ТҮЙТКІЛ

Атыраудан Олимпиада чемпионы қашан шығады?

Мұнайлы өңірде спорт кешендері аз емес. Спорт секциялары да жетерлік. Алайда атыраулық спортшылар арасынан таеквондошы Арман Шылманов пен парадзюдошылардан өзгелері Олимпия ойындарының жеңімпазы, тіпті жүлдегері атана алмай жүр.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыс әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, алдағы екі жылда ауылдық округтердің бәрін спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Қазір өңірде 800 спорт нысаны бар. Оның ішінде 8 стадион, 53 спорт кешені, 702 спорт алаңы, 50 метрлік олимпиадалық бассейн, «Атырау» спорт сарайы, теннис орталығы мен мұз сарайы сынды ірі нысандарға келушілер қатары көбейген. Сондай-ақ 17 жеке спорт нысаны әуесқой спортшылардың қызығушылығын тудырып отыр.

«Жыл соңына дейін 68 ауылдық округтің 70%-ы спорт нысанымен қамтылады. Қазір облыс аумағында 29 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның жетеуі пайдалануға берілді, тағы алты нысанның құрылысы аяқталуға жақын. Алдағы жылы 16 нысанды іске қосу жоспарланып отыр. Қазір Атырау қаласы мен аудандарда демеушілердің есебінен төрт спорт нысаны салынып жатыр. Оның қатарында мамандандырылған волейбол, баскетбол орталықтары, Мұқым мен Қудряшов ауылдарындағы спорт кешендері бар», дейді С.Шәпкенов.

Әкімнің дерегіне қарағанда, осындай жобаларды іске асыру нәтижесінде тұрғындардың спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі 62%-дан 70%-ға жетеді. Өңірде дарынды балаларға қолдау көрсету жан-жақты көзделген. Осы мақсатта Атырау қаласында олимпиадалық резерв мектеп-интернатының ғимаратын салу

жоспарланған. Алайда аталған жобаны іске асыруға алты жыл қажет. Өйткені мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 12 айға созылатын бұл нысанның құрылысы 2026 жылдың сәуірінде басталады. Ал бес жыл – техникалық пайдалану кезеңі. Кешен құрамында 13 спорт залы, бассейн, оқу корпусы, жатақхана, асхана, кітапхана, басқа да іргеліктер болады. Мұнда 12 олимпиадалық спорт түрінен 400 спортшы білім алып, шеберлігін шыңдайды.

«Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларына сәйкес, Атырау облысында халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізуге мүмкіндік беретін ірі спорттық жобалар іске асырылады. Сондай жобалардың қатарында ұлттық ат спорты кешені (ипподром), 12 мың орындық Еуро-IV санатындағы футбол стадионы мен көпбейінді «Атытау Arena» спорт кешені бар. Қазір бұл нысандар жөніндегі жобалау жұмыстары аяқталды. Енді мемлекеттік сараптамадан өту кезеңі жүріп жатыр. Құрылысты келесі жылы бастау жоспарланып отыр», деді облыс әкімі.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, облыс тұрғындарының дене шынықтырумен жүйелі шұғылдану көрсеткіші 45,1%-ды құрайды. Бұл аз ба, көп пе? Қанша дегенмен мұнайлы өңірде Олимпия ойындары секілді дүбірлі додаларда ел намысын қорғайтын спортшылар әзірге көрінер емес.

Жақында күрестен әлем, Азия чемпионы Ризабек Айтмұқаннның есімі берілген спорт кешені пайдалануға берілді. Жаңа нысанның ашылуына қатысқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, даңқты балуан, Мәжіліс



депутаты Дәулет Тұрлыхановтың айтуынша, мұнайлы өңірде еркін күреске ден қойған жасөспірімдерге үлкен мүмкіндік туып отыр. Өйткені заманауи кешен – бұқаралық спортты дамытуға, жаттығу алаңдарын кеңейтуге бағытталған маңызды қадам.

«Атырау – «қара алтынымен» ғана емес, белгілі спортшыларымен де танымал өңір. Осындай спорт академиялары көбейсе, еліміздің атын әлемге шығаратын спортшылар қатары артағын даусыз. Талантты спортшыларды қолдау қажет. Бұл тұрғыда осы заман талабына сай спорт кешендерін көбірек ашу қажет», дейді Д.Тұрлыханов.

Облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының мәліметіне қарағанда, мұнайлы Атырауда күрес

түрлері кең қанат жайып келеді. Қазір еркін күреске баулитын 197, грек-рим күресінен 96 секция жұмыс істейді. Секцияларда төрт мыңнан астам бала аталған спорт түрлерімен тұрақты шұғылданады. Алайда кейінгі жылдары грек-рим күресінің балуандары ірі жарыстарда жақсы нәтиже көрсете алмай жүр. Ал еркін күрес шеберлері Азия, әлем чемпионатынан тек екі медальға ие болды.

«Кейінгі жылдары жергілікті балуандардың халықаралық, республикалық сайыстарда көрсетіп жүрген нәтижесі көңіл көншітпейді. Еліміз чемпионатында еркін күрес шеберлері 2023 жылы 11 медаль жеңіп алды. Былтыр медаль саны бесеуге кеміді. Грек-рим күресінің шеберлері үш медальды еншілеумен

шектелді. Ұлттық құрама сапындағы атыраулық спортшылар саны еркін күрестен 19-дан 14-ке кеміді. Грек-рим күресінен 11-ден 6-ға дейін азайды», дейді басқарма басшысы Нұрбол Сыдықов.

Өңірде дзюдодан екі Олимпиадаға қатысқан бір балуан бар. Ол – Ринат Ибрагимов. Алдымен 2008 жылы Бейжіңде, кейін 2012 жылы Лондонда өткен Олимпиадада бақ сынады. Қазірде 105 жаттықтырушы жасөспірімдерді дзюдо спортына баулып жүр. Оның ішінде 52 жаттықтырушы ауылдарда тұрады. Штаттық режимде 85 жаттықтырушы жұмыс істейді. Бүгінде 4401 атыраулық жас өрен дзюдо спортын таңдапты. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде 3033, олимпиадалық резерв даярлау орталығында 52 бала жаттығады. Жоғары спорт шеберлігі мектебінде 37, спорт интернатында 79 спортшы, «Дамубала» бағдарламасы арқылы 1200 бала тегін спорттық секцияларға тартылған.

Жергілікті спортшылардан қайран болмады ма, кейінгі жылдары жергілікті бапкерлер Әбиба Әбужақынова мен Әсмигүл Куюловаға үміт артып, Париж Олимпиадасына қосты. Былтыр ұлттық құрама сапына 22, биыл 23 атыраулық дзюдошы тіркеліпті. Алайда екі Олимпиадаға қатысқан Ринат Ибрагимов пен Парижде татами төріне шыққан қос арудың ізін жалғар білекті балуан әлі табымай тұр.

Басқарма басшысының пікірінше, күрес түрлеріне білікті мамандарды тарту қажет. Жергілікті балуандардың шеберлігін шыңдауға мән берілгені жөн. Спорттың өзге түрлерінде де осындай қадамдар жасалуы қажет. Өйткені атыраулықтар өңір спортын алға бастыратын талпыныстарды, Олимпиада шыңын бағындырар саңлақтарды күткелі біраз жыл болды.

Атырау облысы

САЛАМАТТЫЛЫҚ САЛТЫ

Ақжалдық «Терминатор»

Күш атасы Қажымұқанның белдескенінен бөлек, жиын-тойдағы өнерін естігенде таңдай қағатынбыз. Аңызға айналған тұлға туралы түрлі әңгімені құлағымыздың құрышын қандырып тыңдадық та. Көзбен көріп, әсерін сезінгендер қандай күй кешті екен деп ойлаймыз кейде. Айтқымыз келгені – күш атасын үлгі тұтып, ізін жалғастырушы бар екен бізде де. Шет ауданы Ақжал кентінде «Терминатор» атанған Алшынбай Мұқышев есімді ақсақал тұрады.



Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Зейнет жасында демесеңіз, нағыз саламаттық өмір салтын берік ұстанған ақсақал. Ауылдастары «Терминатор», «Темір адам» деп атап кеткен. Қажымұқанның ізін қалай жалғастырып келеді дейсіз ғой?

68 жастағы Алшынбай ақсақал йоганы еркін меңгерген. Арматураны оңай майыстырып, 16 килолық кір тасын шынашақ саусағымен көтереді. Спортпен шұғылданғанына 30 жылдай уақыт болыпты. Бүгінгі таңда қырсырын әбден терең зерделеп алған. Өйткені түрлі қауіпті амалға барады. Алғашқыда тақтайды сындыра бастаған кейіпкеріміз кейіннен қызыл кірпішті бір ұрып, үгітте көшкен. Сондай-ақ арматураны білегіне иіп оңай орайды. Ол аз десеңіз, шынымен де түрлі трюк істейді. Тіпті бірнеше адам

әзер көтеретін ауыр тасты зейнеткер кеудесі мен ішіне қойып, оны қасындағыларға балғамен ұрып, сындыртады. Әрине, оның өзіндік әдіс-айласы бар. Ақсақалдың айтуынша, мұның құпиясы тыныс алуды бақылауда екен.

«Соққының алдында дененің өзі тас сияқты қатты болуы керек. Мысалы, бірденің ұрмас бұрын, сіз жүдырығыңызды қысасыз. Сол сияқты күшті бойға жинау керек. Бұл да тәжірибемен келеді», дейді.

Ауыл халқының ақсақалға деген құрметі ерекше. Өнерін түрлі мерекелік іс-шараларда, әсіресе Наурыз мейрамында көрсетеді ауылдастарына. Спортқа ден қоймас бұрын кеудесі мен аяқ-қолында қатты ауырыну болыпты. Күнделікті қалыпты ұйқыдан да қалыпты. Содан бұл сырқаттың алдын алып, саламатты өмір салтын ұстануды қолға алады.

Бір қызығы, Алшынбай Мұқышевты мұндай баландыққа ешкім жаттықтырмаған. Теледидардан да, интернеттен де үйренбеген. Осындай қадамға баруына бағыт берген – күш атасы Қажымұқанның кітабы.

«Теңдесі жоқ балуан Қажымұқан ағамыз сыырға дейін еркін көтерген. Кеудесіне тас сындырып, көлік сүйрегенін де жақсы білеміз. Нағыз күш атасы. Соның астындағы халыққа көрсеткен батырлығын, күшін естіп өстік бала кезімізден. Қызығушылығым бар-тұғын. Бірақ толық мойын бұра алмай жүрдім. Кейіннен жасым қырыққа жуықтап қалғанда бойымнан сырқат сезіле бастады. Қол-аяғым, кеуде тұсым сыздап, сырқай бастады. Содан мұнан айығудың бірден-бір жолы шынығып, шымыр болу екенін ұғындым. Міне, содан бері отыз жылға жуықтады. Күнделікті ас ішетін секілді бір мезгіл қажеттілігіме айналып үлгерді. Алғаға шүкір деймін. Өзімді сергек ұстап, жеңіл сезінемін», дейді Алшынбай ақсақалдың өзі.

– Әкем Балуан Шолақ, Қажымұқан, Иманжүсіп секілді балуандар туралы көп оқиды. «Солардың көзсіз батырлықтарын қайталаймын» дейді. Бір жағынан жастарға үлгі болғысы келеді. Елге көп көріне бергенді ұнатпайды, суретке түскісі де келмейді», дейді зейнеткердің ұлы Шәкен Әбжанов.

Иә, Алшынбай ақсақалдың қалыбы бұл. Аса қатты ел көзіне жарқырай түскенді жастыра қоймайды. Содан да болар, Қарағандыда күш иесінің барын кеш естүіміз. Қысқасы, ақжалдық «Терминаторға» темірдей денсаулық тілейміз.

Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті

ШЕКСІЗ МҮМКІНДІК

Тағдырдың салған ісіне қайыспай қарсы тұру – қажыр-қайраты кемел адамдардың ғана маңдайына жазылған сыбаға. Кәсіпті қара нар ғана көтеретін зілмауыр жүкті арқалай жүріп келешектің көкжиегіне сығалаған үлбіреген үміт сәулесі жан жүректерін жылытып, он екі мүшесіне сарқылып бітпес күш-қуат құятындай.

Сенім алға жетелейді

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Екатерина Ревенің де тартқан тауқыметі аз емес. Әуел баста бөрі рет-ретімен келе жатыр еді. Жүрек қалауымен таңдаған мамандығы – денсаулық сақтау саласы. 2019 жылы Кокшетау медицина колледжін тәмамдап, үлкен өмірге жолдама алды. Бірден Жарқайың аудандық ауруханасына орналаcқан. Көкірегіндегі көрікті арманға қолы жеткендей, мақсат-мұраты орындалғандай. Ендігісі шәкірт кезінен аңсаған өмірдегі темір-қазық нысанасы тәрізді халыққа адал қызмет ету. Бірақ өмірде барлығы өзін ойлағандай болмайды екен. Ілкідегі дарқан даланың даналығын бойына жинаған ақылман қариялар маңдайға жазылғаны деуші еді. Түп-тура солай болып шықты. Ойламаған жерден мертігіп қалғаны. Алғашқы күндері салы суға кетті. Он екіде бір гүлі ашымай жатып төсек тартып жату, кісіге күні түсу қандай аянышты. Неше жерден қайратты болсаң да жігерің жаситындығы сөзсіз. Бұрынғылардың алдым қараңғы дейтіні осы екен де... Ертенгі күннің қандай сый дайындап тұрғандығын болжап білген кім бар. Азашпен екі жыл өтті. Күндердің бір күнінде боркеміктене беруге болмайтындығын түйсінген. Өзі бар күш-жігерін жинап, тас-түйін бекініп алға ұмтылмаса, тұңғыытқан суырып алып шығар күдірет жок.

ЖАРЫС КҮНДЕЛІГІ

- Кенияның Найроби қаласында таеквондодан әлем чемпионаты мәресіне жетті. 21 жасқа дейінгі жастар арасындағы жаһандық додада ел қоржынына екінші медальды Тамерлан Тілеулес салды. 63 кг салмақ дәрежесінде сайысқан ол жартылай финалда сүрініп, қола медальды қанағат тұтты. Бұған дейін Бейбарыс Қабылан 87 кг салмақта әлем чемпионы атанған болатын. Бейбарыс – таеквондодан әлем чемпионы атанған тұңғыш спортшы. Жаһан додасына 75 елден 500-ге тарта спортшы қатысты.
- Дүниежүзілік бокс кеңесі (WBC) өтуге тиіс бірнеше айқасты бекітті. Орта салмақтың көшбасшысы, отандасымыз Мейірім Нұрсұлтанов (20–0, 11 KO) чемпиондық белбеуге ие Карлос Адамеске (24–1–1, 18 KO) қарсы

айқасқа түсуі мүмкін. Мейірім екі жылдан бері жекпе-жек өткізген жоқ. Соңғы рет 2023 жылдың күзінде Ташкентте чилилік Хулио Аламесі жеңді. Карлос Адамес биыл ақпанда британдық Хамза Ширазбен тең түскен болатын.

Отандасымыз Ангелина Лукас (16–1, 9 KO) екінші жеңіл салмақта (52,2 кг) WBF чемпиондық белбеуін олжалады. Ол әлемдік бокс федерациясының (WBF) белбеуі үшін Дубайда өткен тартыста танзаниялық Әтние Каянгені (12–8, 8 KO) 4-раундта нокаутпен жеңді.

Дайындаған –
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Майқайың: Апатты аймақтың халқы неге наразы?

Жыл соңы таяп қалғанына қарамастан, Майқайың кентінің «Шанхай» шағын ауданындағы ескі үйлердің мәселесі толық шешіліп болған жоқ. Алтын фабрикасының жаңа қожайыны ұсынған өтемақыға кейбір тұрғындардың көңілі толмай отырғаны байқалады.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жыл басында «Шанхай» шағын ауданындағы ескі үйлердің проблемасын, тұрғындардың әр күнін үреймен өткізіп келе жатқанын мәселе етіп көтергенбіз. Алтын кеніші Майқайың кентінен 300–400 метрдей жерде орналасқан. «Кеніште жер жару жұмыстары жүргізілгенде, үйіміз жер астына опырылып түсіп кетіп, бала-шағамызбен опат боламыз ба» деген қорқынышын жеткізгенбіз жұрттың.

Кейінірек Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов апаттық үйлер тұрғындарына жаңа баспана салынады деп уәде еткенімен, ондай қаражат бюджетте қарастырылмағаны анық еді. Облыс билігін бұл тығырықтан «Майқайыңалтын» АҚ-ның 100% акциясын иеленген «Алтыналмас АҚ» АҚ құтқарды. Компанияның басқарушы буыны сәуір айында кент халқымен кездесу өткізіп, санитарлық-қорғау аймағында орналасқан 76 үй иелерінің әрқайсысымен жеке-жеке сөйлесілетінін жеткізген. Олардың барлығына өтемақы төлеуді міндеттеріне аады. «Тіпті бұл жерде үйдің жағдайы ғана есепке алынбайды, көлемі, жер телімі, ауласы, бәрі-бәрі бағалау критерийлерінде көрсетіледі», деп уәде еткені де есімізде.

Алайда тұрғындардың айтуынша, «Алтыналмас» компаниясы түптеп келгенде алтынды аймақтың халқына берген уәдесінің көбін орындамай отыр. Алтын кенішінің қожайындары жалдаған тәуелсіз бағалаушылар баспаналарды өте аз сомаға бағалайды. Ұсынылған өтемақыға кенттен қазіргі уақытта дені дұрыс үй тұрмақ, мал ұстайтын қоражай сатып ала алмаймыз деп мұңдарын шақты жұртшылық.

– Көп жылдан бері апатты үйде тұрып жатырмыз. Дәл жанымыздағы кеніштің иесі ауысқалы жер астындағы жарылыс мүлде жиіленіп кетті. Зенбірекпен атқылап жатқандай. Жарылыс кезінде онсыз да қауіп тұрған үйіміз құлап қала ма деп зәреміз ұшады. Төбемізден топырақ саулайды. Көктемде «Алтыналмастың» бастықтары келіп, уәдені үйіп-төгіп кеткен. Бәйбішем екеуіміз балаларды көшеміз деп қуантып қойдық. Сөйтсек, бізге 8,5 млн теңге ұсынып тұр. Көпбалалы отбасымыз. Бұл сомаға күйі



орташа бір-екі бөлмелі пәтер ғана сатып ала алады екенбіз. Жақсы үйлер 20 млн теңгенің үстіне шырқап шығып кетті. Әлгі азғантай сома біздің мәселемізді шешпейтінін түсінген соң, келіскен жоқпыз. Ертең бала-шағамен қыстың суығында далада жаурап қалатынымыз анық. Өзге барар жер, басар тауымыз жоқ, – деп қынжылды тұрғын Шақан Мейрамов.

Тұрғындардың сөзінше, компания өтемақы ұсына бастаған уақыттан кенттегі баспана құны бірден күрт өскен. Бұрын 4–5 млн теңге тұрған үйлер 10 млн теңгеге дейін қымбаттаған. Ал жақсы жағдайдағы үш-төрт бөлмелі жер үйлердің бағасы қазіргі уақытта 20–30 млн теңге тұрады. Компанияның бағалаушылары осы факторды ескеруі керек еді деп есептейді олар.

«Шанхай» тұрғыны Махаббат Абсатарова мәжбүрлі түрде аз сомадағы өтемақымен келіскенін айтады. Қыс жақындап қалуына байланысты басқа амалдары қалмаған. Айтуынша, бастапқыда компания кейбір үй иелеріне тәуір баға ұсынған. Кейбір үйлерді (тұрғындардың сөзінше) 16–18 млн теңгеге дейін бағалапты. Бірақ кейін компания басшылығы бағалаушыларға шектеу жасады ма, әлде қаражатты үнемдегісі келді ме, баспанаға төленетін өтемақыны 8–10 млн теңгеге дейін төмендетіп жіберген.

– Біздің үйімізге әуелі 8 млн, одан соң 9 млн теңге ұсынды. Соңғы айларда үйімізге 10 млн теңге ұсынды. Себебі іші салқын, үнемі сыз тартып тұрады. Жөндейік десек, кеніштегі жарылыстан сылақтары түсе береді. Амалсыздан ұлымның пәтеріне көшіп бардық. Бірақ ұлыма қаладан пәтер сатып алуымыз қажет, баспананы босатуға тура келіп тұр.

Жолдасымыз екеуіміз ақылдаса келе, 9 млн теңгеге мәжбүрлі түрде келістік. Бағалаушы компанияның қызметкерлері үйді әділетсіз бағалайды. «Алтыналмас» өкілдері сәуір айында келгенде гараж, қосалқы ғимараттар, жер телімдері кіреді деген еді. Алайда оларға өтемақы мүлде төленбейді, тұрғынжайдың, яғни нақты үйдің шаршы метріне ғана беріп жатыр. Аудан, облыс билігінен ешбір көмек, қайыр жоқ. Жағдайымызды сұрап келіп жатқан билік өкілдерін де байқамадық. Біз сияқты жап-жақсы үйлеріне лайықты өтемақы ала алмай жүргендер баршылық, – деп мұңын шақты ана.

Өтемақыдан бас тартқандардың бірі – Төремұрат Маспапов. Ол өз үйін 25 млн теңгеге бағалапты. Бірақ кеніш иелері ондай қаражат бере алмайтындарын хабарлаған. Бұл баспана – кенішке ең жақын тұрған үйдің бірі. «Үйім жөндеуден өткен. Қосалқы ғимараттар салынған. Аз ғана өтемақыға алданып қалғым келмейді. Егер мен ұсынған қаражатты бермесе, орнымыздан қозғалмаймыз деп шешім қабылдадым», дейді отағасы.

«Алтыналмас АҚ» компаниясы 2025 жылғы 18 қарашаға дейін «Шанхай» шағын ауданында орналасқан 51 тұрғын үйді сатып алғандарын хабарлады. Үй иелеріне толық көлемде ақшалай өтемақы беріліпті.

«Өтемақы алып, өзге жерге көшкісі келетін тұрғындардан жалпы саны 98 өтініш түсті. Бірақ біз олардың алтауын кері қайтардық, себебі әлгі үйлер санитарлық-қорғау аймағынан тыс жерде екені анықталды. Комиссия 79 үйді тексеріп, 66 үйдің иелерімен келіссөз жүргізді. Алдын ала бағалау құны

мақұлданды. Бағалау ғимараттың жай-күйін, ауданын, инженерлік желілерді, сондай-ақ елді мекенге тиесілі нарықтық көрсеткіштерді қамтиды. Қорытынды құн сомасы меншік иесінің қолына құжаттары мен нысанның заңды мәртебесіне қарай беріледі. Мәміленің барлығы азаматтық-құқықтық нормаларға сәйкес ресімделіп, нотариаттық растаудан өтеді. 51 үйге қатысты төленген өтемақының нақты сомасы – құпия, бірақ ол төлем аймақтың орташа нарықтық мөндерінен жоғары екенін айта аламыз. Компания кей тұрғындардың уайымын жақсы түсінеді. Сол себепті барлық жағдайда тұрғындармен жеке сөйлесіп, әр үй иесінің көңілін тауып, екі жаққа да тиімді ортақ шешім табуға тырысып жатырмыз», делінген компания ұсынған ақпаратта.

Бұған қоса ақпаратта санитарлық-қорғау аймағындағы барлық тұрғын үй заңдастыру рәсімдері мен сатып алу аяқталғаннан кейін міндетті түрде толық құлатылатыны көрсетілген. Бүгінде 17 үй құлатылған. Уәкілетті органдар бекіткен 38 нысанды құлату (ақырғы жою) туралы шешім алынған. Бұл нысандар алдағы жұмыстардың жоспарына енгізілген. Осылайша, аумақ санитарлық-қорғау аймағының нормативтеріне сәйкес етіледі деп күтіліп отыр.

«Ғимараттарды құлату, сырып тастау жұмыстары жобалау құжаттамасына, тиісті нормативтерге сәйкес қауіпсіздік техникасы мен экологиялық стандарттарда ескерілген талаптарды сақтай отырып жүргізіледі. Компания көшеміз деп өтініш білдірген әр тұрғынмен уағдаласып, бір келісімге келіп, тараптардың барлығына әділ әрі заңды жағдай жасауға дайын. Бұл жұмыс

барлық тұрғындармен арада тиісті мәмілелер жасалғаннан кейін толық аяқталады. Егер тұрғын өтемақыға келіспесе немесе тұрып жатқан үйінде қалғысы келсе, өз еркі», деп қосты компаниядан. Биыл маусым айында өңір басшысы Асайын Байханов бір сұхбатында: «Бұл мәселе осы жаздың соңына дейін шешімін табады. Орындауы менің жеке бақылауымда», деген еді. Әкімнің бұл уәдесі не себепті созылып кеткенін анықтау мақсатымен облыс билігіне сұрау салдық. Алынған жауапта облыс әкімдігі мен «Алтыналмас» АҚ арасында Майқайың кентінің «Шанхай» шағын ауданындағы тұрғын үйлерді сатып алу жөнінде өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалғаны айтылады.

– Біздің дерегімізге сәйкес биылғы 3 маусымнан бері «Шанхай» шағын ауданында орналасқан 41 тұрғын үй сатып алынған, яғни өтемақы алған. Құжаттары жоқ тұрғындар өздерінің меншік құқығын сот тәртібімен растап жатыр. Соттың оң шешімін алғаннан кейін жер учаскелерін, тұрғын үйлерін кент әкімдігі арқылы рәсімдеуге мүмкіндік беріледі. Қалған өтініштер жөніндегі жұмыс кезең-кезеңімен жүргізіледі, – деп жауап берді облыс әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Қапенев.

Өкінішке қарай, облыс билігі де, «Алтыналмас» өкілдері де «қызыл аймақта» орналасқан үйлердің тағдыры қашан толық шешілетінін тап басып айтпады. Осыған қарағанда, бұл мәселе жыл соңына дейін толық шешілуі екіталай.

Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы,
Майқайың кенті

ӨРІПТЕСТІК ӨЛЕУЕТІ



«Мичурин бағы» ашылды

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институты Талғар өңірлік филиалы базасында «Мичурин бағы» ашылды.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Жоба еліміздің аграрлық секторының ғылыми-білім беру әлеуетін нығайтуға, отандық селекциялық бақ шаруашылығын дамытуға, өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Халықаралық маңызға ие шараның салтанатты ашылуына Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Ресей Ғылым академиясы вице-президенті Петр Чекмарёв, Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы, сала ғалымдары

мен бау-бақша бизнесінің өкілдері, жетекші аграрлық жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттарының басшылары қатысты.

«Мичурин бағы» бірнеше бағытты біріктіретін көпфункционалды, бірегей алаң болады. Мұнда биоресурстық коллекция мен дақылдардың генетикалық қорының кеңеюі, жеміс-жидек дақылдарының жаңа болашағы бар сорттарын зерттеуге, бейімдеуге, екіншіден, ресурстарды ұтымды пайдалана отырып, жоғары тауарлық өнім алуға мүмкіндік беретін жоғары интенсивті технологияларды енгізу мүмкіндігі жасалады.

– Жоба – еліміздің жеміс шаруашылығы саласын дамытуға жасалған ұзақмерзді

инвестиция. Бақтың жалпы аумағы 3 гектарды құрайды, бүгін алғашқы көшеттер отырғызылады. Бұлар – жоғары өнімді, стрессік факторларға төзімді, еліміздегі генофондты кеңейтіп, жаңа селекциялық бағдарламалар жасауға мүмкіндік беретін сорттар. «Мичурин бағында» интенсивті бақ шаруашылығының әдістері, су, энергия, ресурс үнемдейтін технологиялар пысықталады. Болашақта бұл алаң сапалы шикізаттың тұрақты базасына айналып, шырындар мен концентраттардан бастап функционалды тағам өнімдеріне дейінгі терең қайта өңдеуге жол ашады. Яғни, бұл бақтағы әрбір көшет – шикізаттық модельден ғылымға, бәсекеге қабілетті өнім өндіруге негізделген, – деді ҰҒА президенті А.Күрішбаев.

«Агропищепром» ғылыми-өндірістік орталығының атқарушы директоры С.Колесников: «Баққа тек дәстүрлі

емес, сонымен қатар алма, жеміс-жидек дақылдарының ең жаңа өнеркәсіптік сорттары егілді», – дей келе, баққа отырғызылған ресейлік жеміс-жидек дақылдарының сорттары туралы баяндап өтті.

Ресейлік серіктестермен, атап айтқанда, «Сириус» Инновациялық ғылыми-технологиялық орталығымен, «Агропищепром» ғылыми-өндірістік орталығымен, И.Мичурин атындағы Федералдық ғылыми орталықпен бірлесіп, еліміздің жағдайында өсіруге қолайлы, жоғары өнімді, коммерциялық тиімді сорттардың тәжірибелік учаскелері қалыптастырылатын болады. «Мичурин бағында» қысқы, жоғары өнімді, ірі жемісті «Нестеров жады» алмасы, экологиялық төзімділігі жоғары, ауруларға шыдамды «Ника» алмұрты, климатқа жоғары төзімділігі бар өнімді сорт «Заречная» қараөрігі мен хош иісті «Суламинф» таңқурайы орналасады.

Негізгі дақылдардан бөлек, бақта селекция үшін бірегей алмұрт, шие, тәтті шие, өрік сорттары, сондай-ақ

балжидек, қара және түрлі-түсті қарақат, қарлыған, қара шетен, теңіз шырғанағы, ирга, қызыл ырғай, итмұрын сияқты кең спектрлі жидектер, нишалық дақылдар отырғызылады.

Бұл бақ – ресурстарды барынша тиімді пайдалану кезінде көпжылдық екпелердің жоғары өнімділігін қамтамасыз етуге, өнімнің тауарлық сипаттамаларын жақсартуға бағытталған заманауи жоғары интенсивті бақтың үлгісіне айналады.

«Мичурин бағы» ашық аспан астындағы табиғи зертханаға айналып, мұнда отырғызу материалы мен отырғызу сұлбасын таңдаудан бастап, жоғары сапалы жемістерді тұтынушыға жеткізу жүйесіне дейінгі ғылымға негізделген технологиялар пысықталып, енгізіледі.

Бақтың бастапқы кезеңінде қатаң селекциялық талаптарды, жергілікті климатты ескере отырып, бір гектарға 570 ағаш, 200 бұта отырғызу көзделген.

Алматы облысы

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ – 140

Лондоннан жеткен сүйінші хабар

Жазушы Қайсар Әлімнің «Міржақып Дулатұлы» ғұмырнамалық кітабы Лондонның «Crab Publishing» баспасынан Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың қолдауымен ағылшын тілінде жарық көрді. Қазақ тілінен аударған — Бақтыгүл Маханбетова.


Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

Алдымен бұл кітап Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы аясында облыс әкімінің демеушілігімен

Астанадағы «Фолиант» баспасынан 1000 данамен, Қарағандының «Нвпринт» ЖШС баспаханасынан 300 данамен жарық көрген еді. Сондай-ақ Қостанайдың «Издательский дом» ЖШС баспахана-сынан сувенирлік-сый үлгісінде

былғары тыспен 72х104 1/8 қалып-пен, көлемді етіп 20 данасы шыға-рылған болатын.

Оқырмандардың ыстық ықы-ласына бөленген бұл кітаптың Ыстанбұлдағы «Kamus» бас-пасынан (директоры Айдемир Күлтегін) аудармашы Ашур Өздемирдің тәржімесімен түрік тілінде (демеушісі – Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Бей-сенгаліев) жарық көргенін айта кету ләзім.



БАРЕКЕЛДІ!

Талдықорған театры академиялық мәртебе алды



Жетісу облысының мәдени өмірінде тарихи оқиға болды. Көптен күткен Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрына академиялық мәртебе берілді. Осылайша абыройлы атақ ресми түрде бекітіліп, Мемлекет басшысы биыл Мәдениет қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиында көтерген бастамасы нақты жүзеге асты.



Суреттерді түсірген – Желіс ЫСҚАБАН

Мұхтар КҮМІСБЕК, «Egemen Qazaqstan»

Шығармашылыққа адалдықтың, ру-ханиятқа қызмет етудің, жарты ғасырлық еңбектің лайықты бағалануы ретінде қабылданған бұл жаңалық театр ұжымын ғана емес, тұтас Жетісу жұртшылығын ерекше қуанышқа бөледі. Талдықорған театрының тарихы 1975 жылдан бастау алады. Театр шымылдығын алғаш болып Ғабит Мүсіреповтің «Қозы

Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы ашқан сәттен бастап, бұл ұжым өнер әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, қазақ театр мәдениетінің дамуына зор үлес қосып келеді. Биыл 50 жылдығын атап өткен өнер ордасы осы уақыт аралығында жүздеген қойылым қойып, талай талантты түлетіп шығарды. Алмахан Кенжебекова, Әлихан Ыдырышева, Лидия Кәденова, Дулыға Ақмолда секілді халық әртістері еңбек ететін театр бүгінде шығармашылықтың

шынайы мектебіне айналған. 145 адамнан тұратын ұжымның 61-ін жастар құрайды. Бұл – театрдағы дәстүр сабақтастығының, жаңа буынның қалыптасуының айқын көрсеткіші. Театр директоры Ерлік Тілеуқұллы Көркемдік бұл жаңалықты театр тарихындағы ең жарқын белестердің бірі деп бағалады: «Жарты ғасырлық жолымызда көрерменнің сенімін ақтауға, сахна мәдениетін біліктетуге тырыстық. Әр премьеры, әр құрмет, әр қошемет

– ортақ тарихымыздың алтын парағы. Академиялық мәртебе – тек атақ емес, біздің өнерге деген адалдығымыздың, ұлт руханиятын дамытуға қосқан үлесіміздің жоғары бағалануы. Бұл мәртебе – әрі қуаныш, әрі үлкен жауапкершілік», дейді ол.

Жетісу өңірінде театр мәдениетінің дамуына ықпал етіп келе жатқан тағы бір маңызды жоба – «Biken Fest» халықаралық фестивалі. Облыс құрылғаннан бері үздіксіз ұйымдастырылып келе жатқан бұл өнер мерекесі

биыл Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия, Қырғызстан басқа да елдерден келген 9 театрды біріктіріп, шығармашылық тәжірибе алмасудың бірегей алаңына айналды. Фестивальдың тұрақты өтуі Талдықорған театрының халықаралық беделін арттырып, кәсіби байланыстарын кеңейте түсті.

Халық әртісі Алмахан Кенжебекова бұл мәртебені үлкен серпіліс ретінде қабылдап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

«Академиялық атақ – бүкіл ұжымның табанды еңбегінің нәтижесі. Бұл біздің халықаралық деңгейдегі жобаларға кеңінен қатысуымызға, жас әртістердің кәсіби дамуына, жаңа шығармашылық зертханалар ашуға жол ашады. Театр – қоғамның айнасы. Біз сол айнаға заманауи ой, ұлттық рух, терең мәдениет бейнесін түсіруді жалғастыра береміз», дейді ол.

Ал академиялық мәртебе – театрдың жаңа белесі. Бұл атақ ұжымға жаңа мүмкіндік, жаңа міндет жүктейді. Жарты ғасырлық тарихы бар өнер ордасы енді академиялық деңгейде жаңаша өрлеу кезеңіне қадам басады.

Жетісу облысы

ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Азамат жасаған арт-мүсіндер

Индербор кентінде тұратын Азамат Кенжеғалиев – темірден түрлі арт-мүсін жасайтын шебер. Мамандығы мүсінші болмаса да оның қара металдан, ағаштан түйген туындыларына қызығушылар көп.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Арт-шебердің туындыларының қатарында су тасқыны кезінде қап тасыған иттің мүсіні де бар. Бұл мүсінді бір айда жасаған.

«Былырғы су тасқыны кезінде елдің бірлігіне, ұйымшылдығына күз болдық. Өзім де ерікті ретінде Жайық өзенінің жағалауына бөгет салуға қатыстым. Сол кезде Пшон аталатын иттің қап тасып жүргенін көрдім. Көпшілік әлеуметтік желіде жағымды пікір қалдырды. Алайда былырғы қарашада Пшонды атып кеткенін естідім. Содан соң оның мүсінін жасауға бекіндім», дейді Азамат Кенжеғалиев.

Оның айтуынша, иттің мүсінін жасауға кәдімгі қара темірді пайдаланыпты. Алдымен темірден жүрек тектес бөлшектерді әзірледі. Содан иттің мүсінін құрастырды.

«Әлеуметтік желі қолданушылары ұнаған жазбаға, не суретке жүрек түріндегі лүпіл басады. Дәл осы лүпілді Пшонның мүсініне қолдандым. Мүсінді көлік сырымен сырладым. Оны Жайық өзенінің Атырау қаласындағы жағалауына қоюды ұсынып, әкімдікке хабарласқан едім. Әкімдіктен қолдау болмады», дейді ол.

Жұртшылықтың қолдауына ие болған иттің мүсіні Атырау



қаласындағы «Ailaq Coffee» кафесінің алдына қойылды. Бұл кафе Жайық өзенінің жағалауында орналасқан.

«Пшонның мүсінін Сарытоғай ауылында тұратын иесі сатып алғысы келетінін айтты. Кейін «Ailaq Coffee» кафесінің иесі хабарласып, мүсінді қоюға орын беретінін айтты. Мүсінді күтіп ұстауға уәде берді. Ол мүсінге ақша ұсынған еді. Бірақ ақшасын алмадым. Маған өзім жасаған туындының бос жатпағаны қажет», дейді мүсін авторы.

Азамат мүсіндерді шеберханасында жасайды. Мүсінге қажетті материалдарды өзінің ақшасына сатып алады. Арт-мүсіндердің сапасын арттыруға қажетті заманауи станоктар қажет.

«Жақында алып бекіре балығының мүсіні дайын болды. Енді оған тірек өрі көрнекі негіз болатын Каспий теңізінің макетін пысықтап отырмын. Бекіре балығын да бұрынғы жұмыстарым



секілді өз есебімнен жасадым», дейді арт-шебер.

Алайда бекіренің арт-мүсіні қойылатын орын әлі нақтыланған жоқ. Бекірені үш айда дайындаған шебер қала әкімдігіне Атырау теміржол вокзалының немесе Х.Доспанова атындағы халықаралық әуежайдың алдына қоюды ұсыныпты. Бірақ саябақтар мен Жайық өзенінің жағалауын қолайлы көрмейді.

Темірден түйін түрлі мүсін дайындайтын шебер Азамат Кенжеғалиевтің бірнеше туындысы бар. Мәселен, шауып бара жатқан бірнеше жылқының мүсіні сауда орталығының алдында тұр. Өзі тұратын кентке «Inderbor» композициясы мен «Мәңгілік алау» мемориалдық нысанын сыйға тартты.

Атырау облысы

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шығады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор
Дихан ҚАМБАЕКҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары
Виктор ПРЯНИНОВ

Бас редактордың орынбасары
Қайыр АХМЕТ

Бас редактордың орынбасары
Айгүл БАЙХАН

Бас редактордың орынбасары –
Алматы басшыларының жетекшісі
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары
Талғат БАТЫРХАН,

Қуат ӨУЕСБАЙ,

Орынбек ПАЗЫЛ

Жауапты хатшы
Амангелді ҚИЯС

Интернет-редакция жетекшісі
Абай АЙМАҒАМБЕТ

Бөлім
менгерушілері

Саясат және
құқық

Орынбек ӨТЕМІРҒАТ

Әдениет және
әдебиет

Жәнібек ЖҰЛДИН

Экономика және
өндіріс

Қымбат ТОҚТАМҒАРАТ

Білім және
ғылым

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мәдениет және
әдебиет

Жәнібек ЖҰЛДИН

Әлеумет және
спорт

Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Бақтыбек Қадір

Алматы облысы – Индосан Исмаилов

Ақмола облысы – Байқал Байқалді

Атырау облысы – Жолдасбек Кеңесбайұлы

Ақтөбе облысы – Баян Қуандықов

Батыс Қазақстан облысы – Қабиев Құтылмұратұлы

Жамбыл облысы – Тайғат Мұсылманқұл

Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек

Қарағанды облысы – Қасымжан Ғалым

Қостанай облысы – Нұржанат Құлғабай

Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай

Маңғыстау облысы – Гулалым Дәуітбай

Павлодар облысы – Мұрат Құтанұлы

Солтүстік Қазақстан облысы – Жасымбай Самғар

Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай

Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы

Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай

Ұлытау облысы – Жұлды Тойбек

тел.: 8 7056450424

тел.: 8 7471835704

тел.: 8 7759549863

тел.: 8 7760068003

тел.: 8 7014890223

тел.: 8 7476011801

тел.: 8 7755342262

тел.: 8 7753010129

тел.: 8 7768296966

тел.: 8 7758000024

тел.: 8 7018598809

тел.: 8 7020071776

тел.: 8 7051526557

тел.: 8 7026398400

тел.: 8 7026089198

тел.: 8 7056238817

тел.: 8 7763268688

тел.: 8 7756688366

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13

050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМА ҮШІН:

Астана: АТС 37-65-27, факс: 8 (7172) 37-19-87;

Электронды пошта: info@egemen.kz

Интернет-редакция: portal@egemen.kz

Алматыда: 8 (727) 273-07-87,

факс: 8 (727) 273-07-87;

Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz

МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:

8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,

egemen_adv@mail.ru

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады

«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.

«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта өсіпке қою туралы

№КЗ21VP00062701 куәлігі 2023 жылғы 12 қаңтарда

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті берген.

«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті

XP СТ ISO 9001-2009

Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 50 007 дана

ISSN 1999-9720

9 771999 972005

Нөмірдің көзекші редакторы

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ